

«Әлеуметтік медициналық
сақтандыру қоры» КЕАҚ
Директорлар кеңесінің
2021 жылғы 31 тамыздағы
(№ 7 хаттама)
шешімімен бекітілген

«Әлеуметтік медициналық
сақтандыру қоры» КЕАҚ

Жылдық есебі 2020

Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ-ның (бұдан әрі – Қор) 2020 жылғы атқарған қызметі туралы жылдық есеп қоғаммен Қордың негізгі стейкхолдерлерінің алдында ашықтық және транспаренттілік қағидаттарын сақтау мақсатында әзірленді.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды (бұдан әрі – МӘМС) жүзеге асыру бойынша бірінші жылдың қорытындылары медициналық сақтандыру жүйесінің толық көлемде енгізілгенін және алғашқы оң нәтижелерді көрсеткенін айғақтайды. Бірақ, әлемдегі барлық денсаулық сақтау жүйелері үшін күрделі сынаққа айналған коронавирустық пандемия бастапқы жоспарларға үлкен түзетулер енгізді. Қор елімізде болып жатқан күрделі жағдайларға қарамастан, медициналық ұйымдарды үздіксіз қаржыландыру және COVID 19 коронавирустық инфекциясымен (бұдан әрі – КВИ) күреске тартылған медицина қызметкерлерін материалдық қолдау бойынша өзіне қойылған міндеттемелерді орындады.

Халыққа медициналық қызмет көрсетудің қол жетімділігін қамтамасыз ету мақсатында медициналық қызмет көрсетушілердің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша қосымша шаралар қабылданды. Сондай-ақ, пандемия кезеңінде халықты МӘМС жүйесімен қамтуды арттыру бойынша шаралар қабылданды: МӘМС жүйесінде барлық азаматтардың медициналық қызметтерге құқығын 1-шілдеге дейін ұзарту, төтенше жағдай енгізілген кезеңде кіріс алмаған азаматтардың сақтандыру мәртебесін қалпына келтіру, МӘМС-ке аударымдар ставкаларына (жекелеген санаттарды қоспағанда) «0» түзету коэффициентін белгілеу, МӘМС-тен босатылған азамат санатына жататындығын растайтын құжаттары болған кезде бір айға уақытша мәртебе беру.

Жалпы алатын болсақ, 1 жыл ішінде МӘМС жүйесіне қатысушылар санын 1 млн адамға арттыруға қол жеткізілді: 2020 жылғы қаңтарда 14,9 млн адамнан 2021 жылғы қаңтарда 15,9 млн адамға дейін. МӘМС жүйесімен орташа жылдық қамту 85%-ды құрап отыр.

МӘМС-ті енгізу аясында қосымша қаражат тарту басым бағыттарды қаржыландыруды ұлғайту есебінен медициналық көмектің қол жетімділігін арттыруға мүмкіндік берді. 2020 жылы медициналық қызметтерді сатып алуға 1 411,9 млрд теңге бағытталды: Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне (бұдан әрі – ТМККК) 1 010,9 млрд теңге, МӘМС жүйесінде 401 млрд теңге. 2019 жылмен салыстырғанда көрсетілген медициналық қызметтерді қаржыландыру 48%-ға артты.

Қордың халықпен кері байланыс арналары пандемия кезеңінде үлкен жүктемемен жұмыс жасады. 1406 байланыс орталығының операторлары 2020 жылы медициналық ұйымдарға деген пациенттердің 7 865 шағымын қоса алғанда 719 692 өтінішті қабылдады және өңдеді. Әрбір өзіне жүгінген жағдай бойынша

Қор барлығын жіті түсінуге, медициналық ұйымдар деңгейінде туындайтын сапалы және қолжетімді медициналық көмек алуға кедергі келтіретін проблемалардың себебін табуға және оны жоюға тырысады.

МӘМС-ті енгізу уақытында медициналық көмек берушілердің медициналық ақпараттық жүйесінің болуы туралы шарт енгізілді. Цифрландыру халыққа өзінің медициналық деректеріне қол жеткізуге және өзіне көрсетілмеген медициналық қызметтердің фактілерін анықтауға мүмкіндік берді. Осының нәтижесінде, Қор 2020 жылы 290,9 млн теңге сомасына 21 мыңнан астам «қосып жазуды» анықтады.

Сапасыз медициналық қызмет көрсету тәуекелдерін уақтылы анықтау үшін және өнім берушілердің сенімін арттыру мақсатында 2021 жылдан бастап Қор проактивті мониторингті енгізді, оның нәтижелері бойынша өнім беруші қорытындыға қол қойылған күннен бастап 45 күннің ішінде анықталған ақауларды жоюға және экономикалық ықпал ету шараларына ұшырамауға мүмкіндігі болады.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда медициналық қызметтердің екі пакетін әкімшілендірудің күрделілігі және қаржы ағындарын бөлу, халықтың қажеттіліктеріне сәйкес қаржы қаражатын қайта бөлу мүмкіндігін шектеу мәселелері өзекті болып қалуда.

Қордың функцияларын одан әрі дамыту және оларды іске асыру тиімділігін арттыру денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелерін дамытумен және интеграциялаумен, ТМККК және МӘМС жүйесінің медициналық көрсетілетін қызметтерін жоспарлау, тарифті белгілеу және сатып алу процестерін автоматтандырумен тікелей байланысты. Аталған бағыттар келесі кезең үшін ӘМСҚ-ның дамуының негізгі басымдығы болып табылады.

**Құрметпен,
Құлжанов М.**

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы

Басқарма Төрағасының үндеуі

Сіздердің назарларыңызға 2020 жылға арналған Қордың жылдық есебі ұсынылады. Қордың 2020 жылғы негізгі міндеті жалпыұлттық деңгейде МӘМС жүйесін іске қосу болып табылды. 2020 жыл бойына Қор ТМККК және МӘМС операторы функцияларын сәтті орындап шықты. Жеке ұйымдардың тартылу көлемі көбейді. ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық қызметтер көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорында 2020 жылдың соңында тіркелген 2 282 медициналық ұйымның 65%-ы жеке меншік болып табылады, бұл бәсекелестікті дамыту және ынталандыру жөніндегі міндетке сәйкес келеді.

Қор стратегиялық сатып алушы ретінде, өнім берушілердің сапа мониторингі мен шарттық міндеттемелерді орындау процесін қамтамасыз етеді. Қордың сарапшылары 2020 жылдың 12 айы мерзімінде 9,2 млрд теңгеге көрсетілген қызметтердің сапасы мен көлемі бойынша 1,2 млн-нан астам ақауларды анықтады.

Медицина қызметкерлерінің жалақысын арттыру жөніндегі мемлекеттік саясатты ескере отырып, медициналық қызметтерге арналған тарифтер қайтадан қарастырылды. МӘМС жүйесінің енгізілуімен бірге маңызды бағыттардың бірі - медициналық оңалту дами бастады. Атап айтатын болсақ, 2019 жылы Қор 64 медициналық ұйыммен оңалту көмегін көрсетуге шарт жасаған болса, 2020 жылы осы медициналық қызметтерді жеткізушілердің саны 539-ға дейін ұлғайды, аталған ұйымдармен МӘМС шеңберінде, оның ішінде стационарлық жағдайлардағы 132 мың оңалту жағдайын қоса алғанда 28 млрд теңгеден астам сомаға оңалту қызметтері көрсетілді.

МСАК деңгейінде шұғыл көмек көрсету, АИТВ-мен ауыратын науқастарды диагностикалау және емдеу, КВИ-мен ауыратын науқастарды емдеу және оңалту бойынша жаңа бастамалар қаржыландырылды.

2020 жылы КВИ-мен күрес шеңберінде іс-шараларды қаржыландырудың жалпы сомасы 193,3 млрд теңгені, оның ішінде МӘМС қаражаты есебінен 13,7 млрд теңгені құрады. Оның ішінде КВИ-мен күрес бойынша іс-шараларға тартылған медицина қызметкерлеріне үстемақыға 111 млрд теңге бөлінді.

Медициналық сақтандыру есебінен еліміздің стационарларында жоспарлы түрде 1 млн-нан астам пациентке медициналық қызметтер көрсетілді, оған МӘМС жүйесінде 170 млрд теңгеге жуық қаражат бөлінді, бұл стационарлық көмекті қаржыландыру көлемінің 58%-ын құрайды.

2020 жылдың нәтижелері күту уақытының қысқаруына байланысты жоспарлы ауруханаға жатқызу мүмкіндігінің өсу тенденциясын көрсетеді. 2020 жылы пациенттердің 86%-ы жоспарлы түрде бір күннен он күнге дейінгі аралықта ауруханаға жатқызылды, пациенттердің 5%-ы ауруханаға жату үшін 30

күннен астам уақыт күтті, ал 2019 жылы олардың саны 12% құраған болатын.

Ангиохирургия, офтальмология, кардиохирургия, нейрохирургия, травматология-ортопедия, ЭКҰ процедураларының бағыттары бойынша пациенттерге жүргізілген операциялардың саны артты. Шала туған нәрестелердің ретинопатиясын емдеу бойынша операциялар санының бір жарым есеге, электромагнитті есту аппаратын имплантациялау бойынша 1,3 есе өскендігі байқалады. Бұл операциялар баланың мүгедектігінің алдын-алу болып табылады.

Қорыта айтқанда, Қор 2020 жылы денсаулық сақтау жүйесіндегі негізгі функциялар бойынша, оның ішінде халық үшін медициналық қызметтердің басым бағыттарының қол жетімділігін арттыру бойынша міндеттемелерді сәтті орындады. Алдағы жылы Қор үшін басымдық-пациенттердің мүдделерін қорғау, медициналық көмектің, оның ішінде қымбат тұратын консультациялық-диагностикалық медициналық қызметтердің қолжетімділігін одан әрі арттыру, сондай-ақ жоғары технологиялық медициналық көмектің көлемін ұлғайту болып табылады.

**Құрметпен,
Төкежанов Б.**

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ
Басқарма Төрағасы

1-БӨЛІМ. ҚОР ТУРАЛЫ

1.1. Қордың қызметінің қысқаша сипаттамасы

Мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен Қор 2016 жылғы 1-шілдеде Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 389 қаулысымен құрылды. Қорды құру мен қалыптастырудың негізі Мемлекет басшысының «Қазақстан-2050 «Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауын, «Бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам» Ұлт жоспарын және «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – МӘМС туралы Заң) іске асыру шеңберінде МӘМС жүйесін енгізу болып табылды.

МӘМС туралы Заңға сәйкес, 2017 жылғы 1-шілдеден бастап Қор МӘМС жүйесіне аударымдар мен жарналарды шоғырландыруды бастады.

2017 жылдан бастап 2019 жылға дейін Қазақстан Республикасының Президенті мен Елбасының тапсырмаларына сәйкес жалпыұлттық деңгейде МӘМС жүйесін енгізу үшін дайындық жұмыстары жүргізілді.

2020 жылы бүкіл Қазақстан Республикасы бойынша МӘМС жүйесі енгізілді.

Қор ТМҚКК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық көмекті сатып алуды жүзеге асырады, медициналық қызметтерді тұтынушылардың есебін, медициналық көмек көрсетуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілерінің есебін жүргізеді, халықтың қажеттіліктеріне сәйкес медициналық көмекті сатып алуды жүзеге асырады.

Кері байланыс және пациенттердің құқықтарын қорғау механизмдері жүзеге асырылды. Қордың негізгі міндеттерінің бірі – пациенттердің құқықтарын қорғау болып табылады.

2020 жылдың аясында 720 мыңға жуық өтініш қабылданды және өңделді. Өтініштің 95%-дан астамы – МӘМС жүйесіне қатысу бойынша консультациялар, медициналық көмек алу және КВИ мәселелері бойынша сұрақтар.

Өтініштер мен шағымдардың негізгі бөлігі 1406 тегін байланыс орталығы арқылы қабылданады. 1406 байланыс орталығы жұмысының үш деңгейлі моделі халықтың мәселелерін шешуде өзінің тиімділігін көрсетті.

Қор 2021 жылы Денсаулық сақтау министрлігінің қолдауымен халық алатын медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру мақсатында пациенттердің құқықтарын қорғау мәселелеріне басымдық беруді жоспарлап отыр.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, «Денсаулық сақтау жүйесі пациенттерге бағдарлануы, олардың мүдделерін, денсаулығы мен өмірін бірінші орынға қоюы тиіс».

Аталған бағытты іске асыру үшін мүдделі мемлекеттік органдарды, ең

алдымен әкімдіктер мен өңірлердің денсаулық сақтау басқармаларын, медициналық ұйымдарды және қоғамды тарту жоспарлануда.

Сонымен қатар, қоғамдық бақылауды ұйымдастыру және Қор қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында «Қоғамдық кеңестер туралы» ҚР Заңына сәйкес Қоғамдық кеңес жұмыс істейді, оның аясында ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде Қордың қызметі және медициналық көмек бойынша мәселелер қаралады.

Қор стратегиялық сатып алушы ретінде, өнім берушінің шарттық міндеттемелердің сапасына және орындалуына мониторинг жүргізу процесін қамтамасыз етеді.

Осы бағыттың аясында 2020 жылдың 12 ай мерзімінде Қор сарапшыларымен 9,2 млрд теңгеге көрсетілген қызметтердің сапасы мен көлемі бойынша 1,2 млн-нан астам түрлі ақаулар анықталды.

Анықталған кемшіліктердің ішінде жиі кездесетіні-көмек көлемін жасанды түрде арттыру, есепке алу-есеп беру құжаттамасын дұрыс ресімдемеу, ақпараттық жүйелерге деректерді дұрыс енгізбеу, емдеу-диагностикалық іс-шаралардың стандарттардан/клиникалық хаттамалардан негізсіз ауытқуы, ауру диагнозын ауырлату, емдеуге жатқызудан және медициналық көмек көрсетуден бас тарту, пациенттердің факт бойынша алмаған медициналық бұйымдары мен дәрілік заттарын «тіркеу» жағдайлары.

Қор 2021 жылдан бастап маңызды жаңалықты - медициналық қызметтерді көрсету тәртібінің бұзылуына ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтауға және алдын алуға бағытталған проактивті мониторингті енгізуді жоспарлады.

Бұл мониторингтің айрықша ерекшелігі бұзушылықтарды анықтау кезінде айыппұл санкцияларының болмауы болып табылады. Бұл ретте өнім беруші қорытындыға қол қойылған күннен бастап 45 күнтізбелік күн ішінде анықталған ақаулар мен орындалмаған міндеттемелерді жоюы қажет. Көрсетілген мерзімде ақаулар жойылмаған жағдайда ғана медициналық ұйымға айыппұл салынады.

1.2. Даму стратегиясы (стратегиялық мақсаттар мен міндеттер)

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ-ның 2020-2025 жылдарға арналған Даму стратегиясы (бұдан әрі—Даму стратегиясы) келесілердің негізінде дайындалды:

- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі—Мемлекеттік бағдарлама);
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2020-2024 жылдарға арналған стратегиялық жоспары;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы № 14 бұйрығымен бекітілген мемлекет бақылайтын

акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидалары.

Қордың миссиясы:

Медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру арқылы елдің әрбір азаматын күтпеген жерден орын алатын жоғары шығыстардан қаржылық қорғауды қамтамасыз ету.

Пайымдау:

Қор-тұрақты даму қағидаттары бойынша жұмыс жасайтын, халықтың сеніміне ие болған, сонымен қатар, медициналық қызметтер нарығының дамуына үлес қосатын, әлеуметтік бағдарланған және ашық ұйым болып табылады.

Қорды дамытудың 5 жылдық кезеңге арналған мақсаттары мен міндеттері:

1-мақсат. МӘМС жүйесінде халықты жалпы қамтуды қамтамасыз ету

1-міндет. МӘМС жүйесіне қатысуды арттыру

2-міндет. Медициналық қызметтердің қол жетімділігін арттыру

2-мақсат. Қордың стратегиялық сатып алушы ретіндегі рөлін күшейту

1-міндет. Медициналық қызметтер көлемін және тарифтік саясатты жоспарлауды жетілдіру

2-міндет. Медициналық қызметтерді сатып алу және төлеу механизмдерін жетілдіру

3-мақсат. Пациенттің құқықтарын қорғау

1-міндет. Медициналық көмек сапасының проактивті мониторингі механизмдерін енгізу

2-міндет. Пациенттермен кері байланысты жетілдіру

4-мақсат. Қордың тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету

1-міндет. Корпоративтік басқаруды дамыту, процестердің қауіпсіздігі мен реттілігін қамтамасыз ету

2-міндет. Адами капиталды дамыту

Даму стратегиясында және МӘМС туралы Заңда, сонымен қатар Қордың Жарғысында айқындалған міндеттерді іске асыру және мақсаттарға қол жеткізу үшін 2020 жылғы 14 мамырда 2020 жылға арналған даму стратегиясын іске асыру жөніндегі операциялық жоспар бекітілді.

2-БӨЛІМ. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

2.1. Басқару құрылымы

Қордың корпоративтік басқару жүйесі Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қордың құрылтай, ішкі құжаттарына негізделеді және оның дамуы кезінде Қордың стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Корпоративтік басқару барлық мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынастардың үйлестірілген жүйесін дәйекті және егжей-тегжейлі құруға, сонымен қатар Қор қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған.

Халықпен, акционермен, контрагенттермен, қызметкерлермен және мемлекеттік институттармен өзара іс-қимыл кезінде ашықтық пен транспаренттілік аса маңызды басымдықтар болып табылады.

Бүгінгі таңда корпоративтік басқару жүйесін одан әрі дамытудың іргетасы қаланды-Қордың басқару органдары қалыптастырылды, Корпоративтік басқару кодексін, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты мен іскерлік әдеп кодексін қоса алғанда, қажетті ішкі құжаттар жасалынды.

Басқарманың функционалдық құрылымы

Қорды басқару құрылымы мынадай органдардан тұрады (Жарғының 35-тармағы):

- жоғарғы орган—Жалғыз акционер;
- басқару органы—Директорлар кеңесі;
- атқарушы орган—Басқарма;
- Қордың қаржы-шаруашылық қызметіне, ішкі бақылау саласындағы бағалауға, тәуекелдерді басқаруға, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуына бақылауды және Қордың қызметін жетілдіру мақсатында консультация беруді жүзеге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі.

Қордың Жарғысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қордың құрылтайшысы болып табылады. Қор акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі жүзеге асырады.

«Қордың тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету» Даму стратегиясының мақсаты аясында Қордағы корпоративтік басқаруды дамыту міндеті қарастырылған.

2.2. Қордың Директорлар кеңесі

Қордың Жалғыз акционерінің 2019 жылғы 18 сәуірдегі № 155 шешімімен

(Қордың Директорлар кеңесінің құрамына өзгерістер енгізілген) Қордың Директорлар кеңесі мынадай құрамда белгіленді (2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша). Директорлар кеңесінің құрамы:

Құлжанов Мақсұт Кәрімұлы–Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы, Тәуелсіз директор, «Республикалық Медициналық Палата» ҚБ-нің Басқарма төрағасы;

Шоранов Марат Едігеұлы–Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі;

- Шолпанқұлов Берік Шолпанқұлұлы–Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бірінші вице-министрі;

- Гинтарас Кацявичюс–Тәуелсіз директор, Литва Республикасының Ұлттық медициналық сақтандыру қорының директоры;

- Күлекеев Жақсыбек Әбдірахметұлы–Тәуелсіз директор, «ҚазМұнайГаз»ҰК АҚ«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Бас директорының кеңесшісі;

- Бабенов Болат Базартайұлы–Тәуелсіз директор;

- Төкежанов Болат Тұрғанұлы Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Қордың Басқарма Төрағасы

- Корпоративтік хатшы–Өскенбеков Ғазиз Есенәліұлы.

2020 жылғы маңызды корпоративтік оқиғалардың бірі Қордың Жалғыз акционерінің 2020 жылғы 12 шілдедегі № 28 Қор Басқармасының Төрағасы Болат Тұрғанұлы Төкежановты сайлау туралы шешімі болып табылады. Сонымен бірге, Директорлар кеңесі мүшелері Е.А. Біртановтың, А.Н. Жұмағұловтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды және Директорлар кеңесінің құрамына М.Е. Шоранов және Б.Т. Төкежанов сайланды. Сондай-ақ, Қордың Жалғыз акционерінің №7 шешімімен 13.01.2020 жылы Директорлар кеңесінің құрамына Б.Б.Жәмішев, Ж.Ә. Күлекеев және Якупбаева Ю.К. сайланды. Жәмішев Б.Б. және Жандосов О.А., Якупбаева Ю.К. өздерінің ерікті өтініштері (10.12.2020 жылғы №828) бойынша Қордың Директорлар кеңесі мүшелері өкілеттігін тоқтатты. Қордың Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 11-шешімімен Қордың Директорлар кеңесінің Төрағасы болып Қордың тәуелсіз директоры Құлжанов Мақсұт Кәрімұлы сайланды.

Қордың Директорлар кеңесі Қордағы корпоративтік басқаруды жақсартуға тікелей қатысады, Қор қызметіндегі ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару саласында пайдаланылатын механизмдердің тиімділігіне талдауды және қайта қарауды жүргізеді. Қордың Директорлар кеңесі мақұлдаған шешімдер Қордың 2020 жылы одан әрі қарай қалыптасуы мен дамуына өз ықпалын тигізді.

Қордың Директорлар кеңесі өзінің құрамында мемлекеттік басқару, медицина және қаржы саласындағы, медициналық сақтандыру саласында халықаралық практикалық тәжірибесі бар кәсіпқойларды қамтиды.

Акционерлік қоғамдар туралы Қазақстан Республикасы Заңының 54-бабының 5-тармағына және Қордың Директорлар кеңесі туралы Ереженің 18-тармағына сәйкес (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 05.12.2016 ж. №1033 бұйрығы) Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кемінде 30%-ы Қоғамның тәуелсіз директорлары болуы тиіс. Директорлар кеңесінің құрамы осы талапқа толығымен сәйкес келеді.

Қордың Директорлар кеңесінің отырыстары

2020 жылы Қордың Директорлар кеңесі 12 отырыс жасады, оның ішінде 6 күндізгі және 6 сырттай отырыс өткізді, онда Қордың қызметіне қатысты 51 мәселе, айта кететін болсақ, 2020-2025 жылдарға арналған Даму стратегиясы, Қордың даму жоспары және оны орындау, кадр мәселелері, Қордың Басқарма мүшелерінің қызметін және негізгі көрсеткіштер картасын бағалау, ішкі аудит қызметінің мәселелері, жылдық есеп, тәуекелдер тіркелімі мен картасын және олардың есептерін, жылдық есепті бекіту, Қордың корпоративтік құжаттарын қарау және т.б. сұрақтар қаралды.

2.3. Қордың Директорлар кеңесінің комитеттері

Қордың Директорлар кеңесі комитеттер құру туралы шешімдер қабылдайды, олардың дербес және сандық құрамын, төрағаларын, өкілеттік мерзімін, сондай-ақ функциялары мен жұмыс тәртібін айқындайды.

2020 жылы Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитет, Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет, Стратегия және даму жөніндегі комитет өз қызметін жүзеге асырды.

Комитеттер Қордың Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесші органы болып табылады. Комитеттердің ұсыныстары Қордың Директорлар кеңесінің қарауына берілетін ұсынымдар болып табылады, сол арқылы олар қабылдайтын шешімдердің тиімділігін арттырады.

Жалпы алатын болсақ, Қордың Директорлар кеңесінің және комитеттерінің отырыстары Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Қордың Директорлар кеңесінің 2020-жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес тұрақты негізде жүргізілді.

2.4. Ішкі аудит қызметі

Ішкі аудит қызметінің (бұдан әрі – ІАҚ) негізгі мақсаты Қордың Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіру жұмысында жүйелі тәсілді қолдану арқылы Қорды тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және объективті ақпарат беру

болып табылады.

Қордың Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі (№7) шешімімен Қордың ІАҚ басшысы болып А.М. Көшербаева тағайындалды және Қордың ІАҚ басшысы Д.А. Құрмановтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.

2020 жылы ІАҚ-мен ІАҚ туралы Ережеге сәйкес 2020 жылға арналған ІАҚ жұмыс жоспарында көзделген іс-шаралар толық көлемде орындалды. Жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша ІАҚ бақылауларды жетілдіру үшін және анықталған жағдайларды іске асырудың салдарын/ықтималдығын азайтуға бағытталған ұсынымдар берді.

Жалпылай алғанда, ІАҚ-мен жүргізілген аудиторлық іс-шараларының қорытындылары бойынша нормативтік құқықтық актілердің әр түрлі кемшіліктері мен жүйелі кемшіліктері анықталды, олар бойынша ІАҚ Қор басқармасына аталған кемшіліктерді жою және болашақта болдырмау жөнінде тиісті ұсынымдар берді.

2.5. Басқарма

Қордың Басқармасы Қордың дамуын және қызмет көрсеткіштерінің өсуіне қол жеткізуді қамтамасыз ететін, Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде және Қордың Жарғысында Жалғыз акционердің және Қордың Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған, өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін Жалғыз акционердің және Қордың Директорлар кеңесінің алдында жауапты болатын қызметтің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға уәкілетті алқалы атқарушы орган болып табылады. Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда, Қордың Басқармасы туралы Ережеде және еңбек шартында айқындалады.

Қор Басқармасының құрамы

Қордың Жалғыз акционерінің 2020 жылғы 10 шілдедегі №26 шешімімен Қордың Басқарма Төрағасы А.Н. Жұмағұловтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды және Жалғыз акционердің 2020 жылғы 12 шілдедегі № 28 шешіміне сәйкес Қор Басқармасының Төрағасы болып Болат Тұрғанұлы Төкежанов сайланды.

Сонымен қатар, Қордың Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 30 маусымдағы №2 шешімімен Басқарма Төрағасының орынбасары Э.А. Байжүнісов пен М.Е. Шорановтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды, ал Басқарма құрамына Қордың Басқарма төрағасының орынбасары Л.М. Ақтаева сайланды, Қордың Директорлар кеңесінің 19.08.2020 ж. №4 және 27.08.2020 ж.

№5 шешімдерімен. 18.09.2020 ж. Басқарма мүшесі Е.С. Пірімбетовтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды. Басқарма құрамына Қордың Басқарма Төрағасының орынбасары Б.М. Бақтыбаева сайланды. Қордың Басқарма мүшелерінің құрамы (31.12.2020 жылғы жағдай бойынша):

- Төкежанов Болат Тұрғанұлы–Басқарма Төрағасы;
- Ақтаева Лязат Мейрашқызы–Басқарма мүшесі, Басқарма Төрағасының орынбасары;
- Байгенжин Арыстан Құрманұлы–Басқарма мүшесі, Басқарма Төрағасының орынбасары;
- Бақтыбаева Ботакөз Маташқызы–Басқарма мүшесі, Басқарма Төрағасының орынбасары;
- Төлебаев Рақымжан Сергұлы–Басқарма мүшесі, Басқарма Төрағасының орынбасары.

Басқарманың жұмысы Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен (05.12.2016 жылғы №1 хаттама) бекітілген Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Басқармасы туралы ережеге сәйкес жүргізіледі.

2.6. Негізгі тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді басқару жүйесі Қордың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу, қаржылық орнықтылықты қамтамасыз ету және Даму стратегиясында айқындалған басқа да көрсеткіштер үшін тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға, мониторингтеуге және оларды төмендету жөнінде шаралар қабылдауға бағытталған Қордың корпоративтік басқару жүйесінің түйінді құрауыштарының бірі болып табылады. Қордың тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі COSO және ISO 31000 халықаралық стандарттарына негізделеді.

2020 жылға арналған тәуекелдер тіркеліміне сәйкес (Директорлар кеңесінің 19.08.2020 ж. №4 шешімі) мынадай санаттар бойынша топтастырылған 11 негізгі тәуекел сәйкестендірілді: 2 стратегиялық тәуекел, 2 қаржылық, 4 операциялық тәуекел, 2 технологиялық және 1 комплаенс тәуекел. Негізгі тәуекелдер Қор қызметіне тәуекелдің басталу ықтималдығы мен әсерін бағалауды ескере отырып, тәуекелдер картасының түрлі-түсті аймақтары бойынша сараланған.

Қордың негізгі тәуекелдерін басқару үшін 2020 жыл ішінде олардың басталу ықтималдығын азайтуға бағытталған 68 іс-шараны іске асыру жоспарланған. Есепті кезең ішінде негізгі тәуекелдер динамикасына және оларды жою бойынша іс-шаралардың орындалуына мониторинг жүргізілді. 11 тәуекел бойынша деңгейді ерте анықтау және бағалау мақсатында 20 негізгі тәуекел көрсеткіштері (бұдан әрі–НТК) көзделген.

Есепті кезеңнің ішінде НТК есептері белгіленген коэффициенттер мен пайыздарға сәйкес жүргізілді. Есепті кезеңде негізгі тәуекелдерден басқа іске асырылған тәуекелдер базасында тіркелген инциденттер іске асырылды. Қор

тиісті реактивті іс-шараларды өткізді.

Тәуекелдерді басқарудың мақсаты анықталған және бағаланған тәуекелдерді қолайлы деңгейге жеткізу және олардың Қор қызметіне әсерін барынша азайту болып табылады. Осыған орай әр жыл сайын Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілетін негізгі тәуекелдер бойынша Қордың тәуекелдер тіркелімі мен Қартасы қалыптастырылады. Бұл ретте тәуекелдер тіркелімі Даму стратегиясында көзделген мақсаттар, міндеттер және қызметтің түйінді көрсеткіштері негізінде қалыптастырылады.

3-БӨЛІМ. ҚОРДЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ САТЫП АЛУШЫ РЕТІНДЕ ДАМЫТУ

3.1. Ақпараттық-түсіндіру жұмысы және кері байланыс

Қормен халықты МӘМС жүйесімен қамтуды арттыру үшін әртүрлі бағыттарда ауқымды жұмыс жүргізілуде.

2020 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша Қор филиалдары оффлайн режимінде, бейнеконференцбайланыс (БКБ) арқылы және Zoom арқылы халықпен, бизнес өкілдерімен, еңбек ұжымдарымен, медициналық қоғамдастықпен, мемлекеттік органдармен және басқа да ұйымдармен 327 672 адамды қамти отырып, 3 005 кездесу өткізді. Кездесулер барысында талқыланатын негізгі мәселелер:

- азаматтарды МӘМС жүйесімен қамтуға, оның ішінде МӘМС төлеуден босатылған бизнес субъектілерінің қызметкерлерін, жеңілдікті санаттардың өкілдерін, жұмыссыздар мен студенттерді қамтуға қатысты;
- ТМККК-ге қол жеткізуге байланысты;
- сақтандырылу мәртебесін тексеру, жарналарды төлеу тәсілдеріне, берешектің пайда болуы және сақтандыру мәртебесін жоғалту себептеріне қатысты;
- мүдделі құрылымдармен өзара әрекеттесуге қатысты;
- МСАК ұйымдарына бекітуге және т.б. жағдайларға қатысты.

Сонымен қатар, аймақтық филиалдар филиалдарға жеке немесе телефон арқылы жүгінген азаматтарға консультациялар береді, олар 98775 адамды қамтыды.

Консультациялар қорытындысы бойынша ұсынымдар беріледі, қажет болған жағдайда Қор сарапшылары мәселені медициналық ұйыммен бірлесіп шешеді.

Бұдан өзгеде, Қордың филиалдары МӘМС жүйесінің өзекті мәселелері бойынша және ТМККК-ге кіретін қызметтер бойынша Қор өнім берушілерін апта сайын оқытуды жүргізеді. 12 айдың қорытындысы бойынша 103 040 медицина қызметкерлері қамтылған 1 990 оқыту іс-шаралары өткізілді.

МӘМС жүйесін танымал ету бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысы БАҚ-та, әлеуметтік желілерде жарияланымдарды орналастыру, брифингтерге қатысу және ұйымдастыру, PR іс-шараларды, дөңгелек үстелдерді, баспасөз-турларды өткізу, сондай-ақ ТВ/радиоға және адамдар көп жиналатын жерлерде аудиобейнероликтерді ротациялау арқылы жүргізіледі.

2020 жылғы қаңтар-желтоқсан айлары аралығында Қордың қызметі және медициналық сақтандырудың артықшылықтары туралы позитивті ақпараттық себептер бойынша 103 ресми баспасөз-релизі дайындалып, әлеуметтік желілерге орналастырылды. Сондай-ақ орталық аппарат деңгейінде республикалық баспа,

телевизиялық БАҚ және рейтингтік ақпараттық агенттіктерде 1 134 материал жарық көрді.

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында Қор басшылығының қатысуымен келесі тақырыптар бойынша 6 брифинг ұйымдастырылып, өткізілді:

- «Елімізде МӘМС жүйесін іске қосу, МҰ-дың реформаға дайындығы, денсаулық сақтау АЖ интеграциясы туралы баяндау»;
- «МӘМС жүйесі жұмысының бірінші айының қорытындысы»;
- «ТЖ режимінің енгізілуіне байланысты сақтандырылмаған адамдар үшін медициналық көмек алу құқығын ұзарту туралы»;
- «ШОБ-ті 01- қазанға дейін МӘМС үшін төлемнен босату туралы»;
- «Қордың КВИ-ға қарсы күреске қатысуы туралы»;
- «БАҚ өкілдері үшін МӘМС жүйесіне халықтың қатысуы туралы»;
- «Қазақстан Республикасындағы ағымдағы эпидемиологиялық ахуал және қабылданып жатқан карантиндік шаралар туралы».

Есепті кезеңде Қордың өңірлік филиалдары телевизияда МӘМС және ТМҚКК мәселелері бойынша қызметкерлер қатарындағы спикерлердің қатысуымен 1 861 трансляция өткізді. Сондай-ақ, спикерлерінің қатысуымен түрлі бағдарламалар мен тікелей эфирлерге қосылу бойынша радиодан 560 хабар тарату ұйымдастырылды. Өңірлік және республикалық баспа БАҚ-та 3 555 жарияланым, электрондық БАҚ-та филиалдармен 7 256 материал жарияланды. Сонымен бірге, өңірлік филиалдармен ОКҚ өңірлік алаңдарында, «Атамекен» ҰҚП және жергілікті атқарушы органдарда спикерлердің 519 сұхбаты және 138 брифинг ұйымдастырылды.

Жыл бойы тұрақты негізде 17 радиостанцияда және 28 телевизиялық арнада ақпараттық сипаттағы аудио-бейнероликтерді трансляциялау жүргізілді.

Өз қызметін тұрақты даму қағидаттары аясында жүзеге асыратын, халықтың сеніміне ие болған және медициналық қызметтер нарығын дамытуға жәрдемдесетін әлеуметтік бағдарланған транспарентті ұйымды қалыптастыру, сондай-ақ қоғамдық бақылауды күшейту мақсатында 2020 жылы Қор жанындағы Қоғамдық-Консультативтік кеңестің құрамы жаңартылды. Кеңеске Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, Денсаулық сақтау сарапшылары, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және өзгелері кірді.

Есептік кезеңде Кеңестің 2 отырысы өткізілді:

- Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының жұмысын жақсарту жөніндегі шаралар;

- Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының халыққа, өнім берушілерге көрсетілетін медициналық көмектің сапасына мониторинг жүргізуі.

Халықты медициналық сақтандыруды енгізу, МӘМС шеңберінде медициналық көмектің кеңейтілген пакетіне қол жеткізу, азаматтардың жаңа

жүйеде сақтандырылуы, МӘМС-ті енгізудің бірінші айының қорытындылары, реформаны іске асыру перспективалары туралы хабардар ету мақсатында Орталық коммуникациялар қызметі базасында Қор басшылығының қатысуымен 2 баспасөз конференциясы өтті.

Халықты медициналық қызметтерді алудың жаңа мүмкіндіктері мен алгоритмдері туралы ақпараттандыру үшін Zakon.kz, Baribar.kz үздікпорталдарында Нұр-сұлтан, Алматы қалалары денсаулық сақтау басқармаларының басшыларының қатысуымен 2 онлайн-конференция өткізілді

Сондай-ақ, Нұр-Сұлтан қаласы, Шымкент қаласы, Түркістан және Солтүстік Қазақстан облыстарының медициналық ұйымдары бойынша, оның ішінде шалғай ауылдық округтерде 4 баспасөз туры ұйымдастырылып, олар туралы орталық және өңірлік БАҚ-та кеңінен жарияланды.

Шалғайдағы елді мекендердің тұрғындарын ақпаратпен қамтамасыз ету үшін халықты кеңінен қамту мақсатында тұрақты негізде республикалық (Хабар, Хабар 24, Қазақстан, 1 Еуразия арнасы) теле арналарда бейнероликтер көрсетіледі. «Шалқар», «Русское радио», «Автордио», «LuxFM» радиостанцияларында аудиороликтер трансляцияланады. Апта сайын МӘМС пен ТМҚКК мәселелеріне арналған «Қазақрадиосында» арнайы бағдарлама жүргізіледі.

3 тоқсан ішінде бейнеконференцбайланыс (БКБ) және Zoom арқылы халықпен, еңбек ұжымдарымен, мемлекеттік органдармен және басқа да ұйымдармен келесі нысаналы топтар бойынша бірқатар кездесулер өткізілді:

- «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палаталары-ҚР Үкіметінің № 224 қаулысының қолданылуын түсіндіру бөлігінде;

- Мемлекеттік кірістер комитетінің өңірлік департаменттері – 2020 жылғы 1-қазанға дейін салық және жарналарды төлеуден босатылған шағын орта бизнес субъектілерін (бұдан әрі-ШОБ) қамту бөлігінде Орталық аппарат деңгейінде кәсіпорын қызметкерлерінің мәртебесін өзектендіруге қатысты салық төлеушінің жеке кабинетіне тиісті хабарлама жіберу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді;

- «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының өкілдіктері-МӘМС жүйесі, азаматтардың жеңілдікті санаттарын жүйеге қайтару және жарналарды төлеу мәселелері бойынша.

- 2020 жылғы 1-қазанға дейін салықтар мен жарналарды төлеуден босатылған кәсіпорындардың, оның ішінде ШОБ субъектілерінің еңбек ұжымдары – <https://msb.fms.kz/login> сілтеме бойынша тізімдерді ұсыну арқылы қызметкерлердің мәртебесін өзектендіру бөлігінде;

- халықты жұмыспен қамтудың өңірлік орталықтары-жұмыссыз азаматтарды МӘМС жүйесімен қамтуға қатысты;

- МӘМС жарналары мен аударымдарын төлеу жүйесі мәселелері бойынша Қазпошта филиалдары, екінші деңгейлі банктер;

- халықты МӘМС жүйесімен қамту мәселелері бойынша жергілікті

атқарушы органдардың өкілдері, құқық қорғау органдары мен әскери қызметшілер тарапынан жауапты орындаушылар;

– медициналық қызметкерлер-сақтандырылмаған халыққа медициналық көмек көрсетуге, МӘМС пакетінде медициналық көмекке қолжетімділікті қамтамасыз етуге, сақтандырылған пациенттер үшін артықшылықтарды түсіндіруге, сақтандырылмаған халықты қамтуды арттыруға қатысты;

– сауда үйлері, базарлар, оның ішінде халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтыған бөлігін қамти отырып–МӘМС жүйесі, ТМККК-ден тыс медициналық көмек алу мүмкіндіктері, артықшылықтарын түсіндіре отырып, БЖТ төлеу және оны төлеудің тәсілдері, т.б.

Жол картасын іске асыру шеңберінде көрсетілетін медициналық көмектің сапасын бағалау және медициналық көмек көрсетуден негізсіз бас тарту фактілерінің алдын алу үшін Қор 2020 жылғы тамыз айында еліміздің барлық өңірлерінде 700-ден (жеті жүз) астам медициналық ұйымдарда «Жасырын пациент» бағдарламасын алғаш рет іске асырды.

«Жасырын пациент» бағдарламасын енгізу филиалдардың арнайы дайындалған сарапшыларымен ҚР медициналық ұйымдарының Call-орталықтары мен тіркеушілеріне «жасырын» қоңырау шалу арқылы жүргізілді. Аталған іс-шара тіркеу бөлімі мамандары мен медицина қызметкерлерінің біліміне мониторинг жүргізуге, МӘМС мәселелері бойынша білімдегі олқылықтарды, пациенттердің сақтандырылу мәртебесін, медициналық көмек көрсету стандарттарын, МӘМС пакетіне және ТМККК-ге кіретін медициналық қызметтер тізбесін анықтауға мүмкіндік берді.

Өңірлік деңгейде бір жыл ішінде БКБ және Zoom арқылы облыстар және Республикалық маңызы бар қалалар әкімдері орынбасарларының төрағалығымен Өңірлік штабтар өткізілді. Өңірлік штабтар төрағаларының орынбасарлары болып Қор филиалдарының директорлары белгіленді. Өңірлік штабтардың құрамына сондай-ақ төмендегілердің өкілдер кіреді:

- Қор филиалдары;
- Денсаулық сақтау басқармасы;
- өңірлердің бас санитарлық дәрігерлері;
- кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы;
- жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар;
- қаржы басқармасы;
- ішкі саясат басқармасы;
- білім басқармасы;
- Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің департаменті;
- Мемлекеттік кірістер департаменті;
- полиция департаменті;

-«Азаматтарға арналған үкімет «мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ филиалы Әлеуметтік төлемдерді есепке алу басқармасы;

- Әділет департаментінің;
- «Атамекен» Өңірлік кәсіпкерлер палатасы;
- қалалар мен аудандар әкімдері мен әкімдерінің орынбасарлары.

Отырыс барысында өңірлер үшін өзекті тақырыптар қаралып, проблемалық мәселелер мен оларды шешу жолдары айқындалды.

31.12.2020 жылғы жағдай бойынша МӘМС жүйесіне төлемдердің тұрақтылығы мәселелерін қоса алғанда, халықты МӘМС жүйесімен қамту.

МӘМС туралы Заңға сәйкес МӘМС жүйесінде медициналық көмекке құқық алу үшін азаматтар Қорға аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеуді жүзеге асыру немесе Қорға жарналарды төлеуден босатылған болуы қажет.

2020 жылдың қорытындысы бойынша МӘМС жүйесінде медициналық көмек алуға құқығы бар адамдардың саны Қазақстан халқының 85,5%-ын құрады. Шектеу карантиндік шараларын және бизнес пен халықтың төлем қабілеттілігінің төмендеуін ескерген жағдайдың өзінде, Үкімет қабылдаған шаралардың арқасында жүйеге қатысушылар саны жыл басынан бері 1 млн адамға өсіп, 15,9 млн адамға жетті.

3 млн-нан астам қазақстандық МӘМС жүйесінде қамтылмаған, бұл жүйе үшін белгілі бір тәуекелдерді тудырады. Әлеуметтік медициналық сақтандырудың үздік жүйелерінің әлемдік тәжірибесі халықтың әлеуметтік осал топтары үшін қосымша бағдарламалар жасау немесе жекелеген санаттар үшін медициналық көмекке арналған шығыстарды өтеу арқылы халықты жаппай қамту шарты жасалынғандағы қол жеткізілген жетістіктерді көрсетеді.

Шектеу іс-шараларын енгізуге байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін бір жолғы әлеуметтік төлемді төлеу кезеңінде (42 500) жеке тұлғалардан БЖТ төлемдерінің ең жоғары өсімі байқалды (2020 жылғы сәуір айы). Аталған төлемдердің жүйелілігі сақталған жағдайда халықтың 92% -ы МӘМС жүйесімен қамтылуы мүмкін.

Пандемия кезеңінде халықты МӘМС жүйесімен қамтуды арттыру бойынша келесі шаралар қабылданды:

- жеке кәсіпкердің өзі үшін, жеке практикамен айналысатын адамдар, ШОБ субъектілері үшін төлейтін төлемдерін қоспағанда, МӘМС-ға аударымдар мөлшерлемелеріне «0» түзету коэффициентін белгілеу;
- МӘМС-тен босатылған азамат санатына жататынын растайтын құжаттар болған кезде бір айға уақытша мәртебе беру;
- жалдамалы қызметкерлер үшін: соңғы 3 ай көлемінде кемінде 1 рет (бір) төлемболғанжағдайда және 2 айдан аспайтын берешек болған кезде мәртебе сақтандырылған ретінде айқындалады;

- жеке кәсіпкерлер, жеке практикамен айналысатын адамдар үшін ҚР ҚМ МКК-нің ресми ақпараты негізінде қызметін тоқтата тұру кезінде: соңғы 3 айда төлем жасалған және 2 айдан аспайтын берешек болған кезде мәртебе сақтандырылған ретінде айқындалады,

- шектеу шаралары кезеңінде (42500 теңге) табысынан айырылуына байланысты бір жолғы жәрдемақы алған БЖТ төлеушілер үшін айдың төленбеген кезеңі алынып тасталды.

Нәтижесінде, КВИ пандемиясына байланысты төтенше жағдай уақытындағы МӘМС жүйесіне төлемдер төлеу бойынша қарыздары бар 740 мыңға жуық азаматты аталған жүйеге «қайтаруға» қол жеткізілді.

№1-кесте
Млн

Төлеушілердің санаттары*	ҚР бойынша барлығы	
	Саны	Жалпы санға үлесі, % бойынша
Аударымдар және (немесе) жарналар төленген тұлғалар	17 424 525	92,3%
Жарналарды төлеуден босатылған тұлғалар	11 182 907	59,2%
Жалдамалы жұмысшылар	4 245 642	22,5%
Жеке кәсіпкерлер және жеке практикамен айналысатын адамдар	231 034	1,2%
АҚС шарттары бойынша жұмыс істейтін жеке тұлғалар	85 263	0,5%
БЖТ төлеушілер	1 655 405	8,8%
Өздігінен төлем төлеушілер	24 274	0,1%
МӘМС жүйесінде медициналық көмек алуға құқығы бар тұлғалар	15 845 537	83,9%
Сақтандырылмағандар	3 031 591	16,1%
Бүкіл халық	18 877 128	100%

* төлеушілердің әрбір санаты бойынша бірегей тұлғалардың саны көрсетілген

Әлеуметтік желілерде жұмыс

Facebook (ресми akkaунт—<https://www.facebook.com/fondosms>) және Instagram (ресми akkaунт—@fms.kz) әлеуметтік желілерде 684-тен астам ақпараттық сипаттағы жарияланымдар орналастырылды, оның ішінде Instagram бойынша—342, Facebook-те—342. Әлеуметтік желілер алаңында Қор мен

медициналық ұйымдар өкілдерінің қатысуымен 24 тікелей эфир өткізілді.

Қордың YouTube-тағы «Қазақстандағы МӘМС» ресми арнасында 68 бейнеролик орналастырылды.

2020 жылы әлеуметтік желілердегі жүйелі жұмыстардың арқасында Қордың барлық ресми аккаунттарына тіркелген оқырмандардың саны артқаны байқалады. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тіркелгендердің саны:

Facebook (ресми аккаунт–<https://www.facebook.com/fondosms>) @ФМС: Баршаға қол жетімді медицина: 31 320;

Инстаграм @fms.kz–44 000;

Ютуб @ Қазақстандағы МӘМС–12 200.

Міне осылайша, 2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылы тіркелушілер санының өсуі 59 520-ны құрады, оның ішінде Facebook-те-20 320, Instagram-да-30 000, YouTube-те-9200.

Әлеуметтік желілердегі белсенділік статистикасы:

Инстаграм: көрсетілімдер–4 222 136, аккаунттағы әрекеттер–56 718, контентпен өзара әрекеттесу–37 837. Facebook: жалпы қамтылым–1 178 123, өзара әрекет–115 426, белгілеулер–10 172.

Сондай-ақ әлеуметтік желілерде ресми аккаунттар арқылы тұрғындардың кері байланысы бойынша белсенді жұмыс жүргізілді. 2020 жылдың 01-маусымынан 28-желтоқсанға дейінгі аралықта Қордың Instagram және Facebook-тегі ресми аккаунттары арқылы азаматтардан түскен 3619 сауалға жауап қайтарылды. Оның ішінде Қор тарапынан жауапты қажет ететін Facebookтегі резонанстық жарияланымдарға жауаптар–219, жеке хабарламалар арқылы–1 606, түсініктемелер арқылы–1 791.

Сонымен бірге, өңірлік филиалдар 2020 жылы әлеуметтік желілерде, танымал пабликтер мен топтарда шамамен 42 000 жарияланым орналастырды.

2020 жылы өңірлік филиалдар директорларының жеке парақшалары жасалынды, онда 3000-нан астам ақпараттық-түсіндіру бекеттері орналастырылды.

Байланыс-орталығы

2020 жылы 719692 өтініш өңделді. Барлық 719 692 өтініштің 686 029-ы кеңес түрінде жауап алды, бұл 95,3 %-ды құрайды;

- 7865-і шағым ретінде тіркелді және екінші қолдау желісінің қарауына берілді, бұл өтініштердің жалпы санының 1,1%-ын құрайды;
- 3225 алғыс және 243 ұсыныс, бұл жалпы 0,5%-ды құрайды.
- ШОБ-ты сақтандыру мәртебесі мәселелері бойынша 5 242 өтініш, бұл 0,7% - ды құрайды;
- Халықтың жеңілдікті санаттарына уақытша мәртебе беру мәселелері

бойынша 17 088 өтініш, бұл 2,4% - ды құрайды.

• **Барлық өтініштер толық түсіндірмелер беру арқылы мерзімінен кешіктірілмей жабылды.**

Халықтың кері байланысқа қанағаттанушылығын бағалау Qoldau 24/7 желілік байланысы арқылы және оператордың тініш берушімен кері байланысы кезінде жүргізіледі.

7 865 шағымнан:

- 6 688 немесе 85% жағдайда жауапқа қанағаттанды ;
- 882 немесе 11,2 % жағдайда бағалаудан қалыс қалды;
- 295 немесе 3,7% қанағаттандырылмады.

Азаматтардың өтініштері CRM жүйесіне 1406 байланыс орталығы, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы, Telegram Чат-бот арқылы келіп түседі. Өтініш берушілердің тіркелген өтініштері / шағымдары жұмыс жасауға қабылдану үшін медициналық ұйымға тікелей түседі. Qoldau 24/7 мобильді қосымшасын жүктеу арқылы медициналық ұйымдардың бас дәрігерлерінің өтініш берушіден келіп түскен өтініш бойынша жедел әрекет ету мүмкіндігі бар.

Азаматтардың өтініштерін өңдеудің үш деңгейлі моделіне көшумен CRM жүйесін енгізу бойынша жұмыс жүргізілді:

- 1-ші консультациялық деңгейде өтініштердің 96%-ы жабылады;
- шағымды 2-ші қарауда Қор филиалдары және МҰ деңгейінде себеп-салдар жойылады;
- 3-қарауда өтініштердің жүйелілік мәнінің себебіне талдау және МҰ жауаптарының сапасына бақылау жүргізіледі.

Telegrambot-SaqtandyruBot-МӘМС жүйесінде азаматтардың сақтандыру мәртебесін анықтауға арналған.

QoldauINFO telegram-каналына 2020 жылы 23 455 адам жазылған. Арнаның жаңалықтар ленталарына, оқыту вебинарларына, нұсқаулық материалдар мен МӘМС және халыққа медициналық қызмет көрсету саласындағы өзге де мәліметтерге 60 сілтеме жүктелді. Мысалы, тақырып бойынша түсіндіру жұмыстары.

Үй карантині кезеңіндегі жүріс-тұрыс бойынша салыстырмалы жадынама, МСАК үшін ҚДҚ жолдамасын алудың тәртібі, оңалту және қалпына келтіру емін көрсету алгоритмі және т.б. Орталық аппарат деңгейінде де, өңірлік филиалдарда да келіп түскен өтініштердің саны туралы материалдар уақытымен дайындалды.

2020 жылдың қорытындысы бойынша пайдаланушылардың мобильді қосымшаны жүктеу саны–309 277-ні құрады. QOLDAU 24/7 мобильді қосымшасы-тесттік және өнімді жүйе, ол біздің серверлік қуаттылықтарымызда орналастырылған және әкімшісі Қор болып табылады.

Халықпен жұмыс

МӘМС жүйесімен қамтуды арттыру мақсатында Қор тұрақты негізде мүдделі мемлекеттік органдармен сақтандырылған мәртебесін беру мәселесі бойынша жұмыс жүргізуде.

Мысалы, шетелдік жоғары оқу орындарында оқуын аяқтаған студенттерге мәртебе беру бойынша жұмыс. МӘМС жүйесі туралы Заңға сәйкес мемлекеттің МӘМС жарналары орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын адамдар (бұдан әрі-студенттер) үшін төленеді. Яғни, студенттер МӘМС жарналары мен аударымдарын төлеуден босатылған. Сонымен қатар, шетелдік жоғары оқу орындарында оқитын студенттердің деректері олардың Қазақстан аумағында студент ретінде тіркелмегендіктен ҚР БҒМ-нің ақпараттық жүйесінде болмайды. Сәйкесінше, аталған санатқа жататын тұлғалар бойынша деректердің болмауына байланысты МӘМС жарналарын төлеуде берешек қалыптасты.

Бұл мәселені шешу үшін 2020 жылдың қазан айында egov.kz электрондық үкімет порталында ЖОО-да оқитын студенттерді тіркеу мақсатында ҚР БҒМ сервисі әзірленді. ҚР СІМ және ҚР-ның 94 елшіліктерінің сайттарында шетелдік оқу орындарында оқитын студенттерге сервисте тіркелу туралы ақпараттық тұрғыдағы баннерлер орналастырылды. 2020 жылы МӘМС жүйесінде сақтандыру мәртебесін алу үшін 1492 студент өтініш берді.

Бұрынғы әскери қызметшілерге мәртебе беру бойынша жұмыс. Әскери бөлімдердің кадр қызметтері «СУЛ» АЖ-дағы мерзімді қызмет әскери қызметшілері бойынша мәліметтерді уақтығында өзектендірмегендіктен, осы адамдардың бір бөлігі әскери қызметтерін аяқтағаннан кейін МӘМС жүйесінде сақтандырылу мәртебесі жоқ. 2020 жылы МӘМС жүйесіндегі берешекті алып тастау бойынша жұмыс жүргізілді және әскери қызмет өткеру кезеңі үшін бұрынғы 28 әскери қызметшіге сақтандыру мәртебесі берілді.

МӘМС төлемдерін төлеуден босатылған ШОБ ұйымдарын қамту, ШОБ қызметкерлеріне сақтандыру мәртебесін беру бойынша ақпарат. Микро, шағын, орта субъектілердің жұмыс берушілері (бұдан әрі-жұмыс берушілер) және жеке практикамен айналысатын адамдар ай сайын жеке сәйкестендіру нөмірлерін көрсету арқылы, МӘМС төлемдерін төлеуден босатылуға жататын жұмыскерлердің тізімдерін 2021 жылғы 1-қазанға дейін «Saqtandyru» АЖ - msb.fms.kz ақпараттық жүйесіне енгізеді. (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 478 бұйрығының 16-1-т.). 2020 жылдың соңындағы жағдай бойынша «Saqtandyru» АЖ-ға ШОБ қызметкерлерінің енгізген мәліметтері бойынша сақтандыру мәртебесін өзектендіру 378 000-нан 244 166-ны (64,6%) құрады. 138 834 ШОБ ұйымдары қызметкерлерінің тізімі (35,4%) өзектендірілмеген.

ЕАЭО елдерінен келген еңбек мигранттарына және ҚР-да тұрақты тұратын шетелдіктер бойынша қалыптасқан берешекті жою мақсатындағы жұмыс. Қордың және Көші-қон қызметі комитетінің АЖ интеграциясының болмауына байланысты, ЕАЭО елдерінен еңбек мигранттарына және ҚР-да тұрақты тұратын шетелдіктерге МӘМС төлемдері болған кезде де сақтандыру мәртебесі автоматты түрде берілмейді. Осы себептен, аталған тұлғалар бойынша ақпараттық жүйелердегі берешектің күшін жою жүргізіледі. 2020 жылы 34 шетелдік азаматқа МӘМС төлемдерін төлеу бойынша берешек жойылды.

МӘМС-ға аударымдар мен жарналарды шоғырландыру

МӘМС туралы Заңға сәйкес, 2017 жылғы 1 шілдеден бастап Қор МӘМС-ға аударымдар мен жарналарды шоғырландыруды жүзеге асырады: 2020 жылдан бастап жұмыс берушілердің аударымдарды есептеу объектісінің 2% - ы мөлшеріндегі аударымдары, жарналарды есептеу объектісінің 1%-ы мөлшерінде қызметкерлердің жарналары, жеке кәсіпкерлердің және жеке практикамен айналысатын адамдардың 1,4 еселенген ең төмен жалақының (бұдан әрі–ЕТЖ) 5% - ы мөлшеріндегі жарналары, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмыс істейтін адамдардың шарт бойынша табысының 1% мөлшеріндегі жарналары, бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілердің АЕК-тен 40% мөлшеріндегі жарналары (ауыл тұрғындары үшін 0,5 АЕК), ЕТЖ-дан 5% мөлшеріндегі өзіне-өзі төлеушілердің жарналары.

Есепті жылы 550,2 млрд теңге түсті, бұл төлемдердің болжамды жалпы сомасының 101% - ын құрайды (7,8 млрд теңгеге артық).

Осы тұрғыда төлем сомасының 54,3%-ы мемлекеттің жарналары, 42,7%-ы жұмыс берушілердің аударымдары мен қызметкерлердің жарналары, 1,9%-ы ЖК-дің жарналары болып табылады, ал, қалғаны 1%-дан кем.

Аударымдар мен жарналар 17,4 млн адамның пайдасы үшін (мемлекет төлейтін жеңілдікті санаттарды қоса алғанда) жүргізілді, бұл халықтың 92% - ын құрайды. Уақытылы аударылмағаны үшін өсімпұл мен жарналарды төлеу бір жылдың ішінде екі есеге өсті, яғни 447,0 млн теңгені құрады, аталған көрсеткіш МӘМС-ға аударымдар мен жарналардың уақтылы және толық төленуі туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жалғастыру қажеттілігін көрсетеді.

Нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу

Қормен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 23 қаулысы мен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрықтарының жобаларын әзірлеу және келісу процестерін сүйемелдеу, соның ішінде «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің жаңа редакциясын жүзеге асыру бойынша жұмыс

жүргізілді.

Бұдан өзге де, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 200-бабының нормаларын іске асыру үшін МӘМС жүйесіндегі медициналық көмекке қатысты «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына тиісті өзгерістер енгізілді.

Денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорын қалыптастыру

ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық қызметтер көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқоры (бұдан әрі – дерекқор) «ТМККК шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерін есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 6 қарашадағы №ҚР ДСМ-186/2020 бұйрығына сәйкес сатып алудың веб-порталында қалыптастырылады және Қордың интернет-ресурсында орналастырылады. Деректер базасын өзектендіруді Денсаулық сақтау субъектілері тұрақты негізде жүзеге асырады.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша деректер базасында 2 282 денсаулық сақтау субъектісі болды, оның ішінде 790 (35%) мемлекеттік және 1492 (65%) жеке меншік нысаны.

Жеке меншік өнім берушілердің ең көп үлес салмағы Нұр-Сұлтан қаласында (79%), Шымкент қаласында (79%), Жамбыл облысында (74%) және Қызылорда облысында (71%) байқалады. Жеке меншік медициналық ұйымдардың ең азы Батыс Қазақстан (39%), Қостанай (44%), Шығыс Қазақстан (53%) және Солтүстік Қазақстан облысында (55%) медициналық көмек көрсету бойынша жұмысқа тартылды.

Медициналық көмек нысандары бөлінісінде денсаулық сақтау субъектілерінің құрылымы мынадай:

- алғашқы медициналық-санитарлық көмек бойынша – 777 денсаулық сақтау субъектілері;
- консультациялық диагностикалық көмек бойынша – 1916 денсаулық сақтау субъектісі;
- стационарлық көмек бойынша – 819 денсаулық сақтау субъектілері;
- стационарды алмастыратын көмек бойынша – 1 303 денсаулық сақтау субъектілері;
- жедел медициналық көмек және санитариялық авиация бойынша – 18 денсаулық сақтау субъектісі.

ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде өнім беруші мәртебесінде медициналық қызметтер көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің

саны–2 052, бірлесіп орындаушы мәртебесінде–1 858 денсаулық сақтау субъектісі болды.

3.5. ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық қызметтерді сатып алу жоспарлары

2019 жылы Қор 2020 жылға арналған Медициналық қызметтерді сатып алудың жоспарын (бұдан әрі–сатып алу жоспары) қалыптастырды:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 маусымдағы № 395 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында онкологиялық аурулармен күрес жөніндегі 2018–2022 жылдарға арналған Кешенді жоспарды (бұдан әрі–онкологиялық бағдарлама) іске асыру;

- «Қазақстан Республикасында медициналық-санитариялық алғашқы көмекті дамытудың 2018-2022 жылдарға арналған негізгі бағыттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 27 шілдедегі № 461 бұйрығына сәйкес ауруларды басқару бағдарламасын және патронажды қызметтің әмбебап-прогрессивтік моделін енгізетін МСАК мамандарының жалақысын 20%-ға арттыру;

- «ТМККК шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 5 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-10 бұйрығына сәйкес медициналық қызметтерге қолданыстағы тарифтерді бекіту;

- «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы № 2136 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 420 қаулысы;

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 7-тамыздағы «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту туралы» № 591 бұйрығы;

- медициналық көмек көлемін жоспарлау бойынша «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС ұсынған әдіснамалық тәсілдер мен ұсынымдар.

ТМККК және МӘМС жүйесінің жаңа моделін енгізудің негізінде медициналық қамтамасыз етудің үш деңгейлі жүйесін қалыптастыру. Медициналық қамтамасыз ету жүйесінің бірінші деңгейі Қазақстан Республикасының барлық азаматтары, қандастар және тұрақты тұратын шетелдіктер үшін бюджет есебінен тегін ТМККК көрсетуге бағытталған, бұл–мынадай медициналық көмек алуға 100% кепілдік беретін, медициналық қызметтердің ең аз көлемі деп аталатын ТМККК-нің жаңа моделі:

Жедел жәрдем және санитарлық авиация;
МСАК;
Шұғыл стационарлық көмек;
Паллиативті көмек;

Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді қоса алғанда, әлеуметтік мәні бар аурулар, негізгі созылмалы аурулар (онкология, туберкулез, 25 негізгі созылмалы аурулар) кезіндегі медициналық көмектің толық спектрі.

Екінші деңгейі–Сақтандырылған халық үшін МӘМС-ТМККК-дан тыс қызметтерді қамтамасыз ететін және келесілерді қамтитын базалық көлем:

ҚДП;
АДҚ;
Стационарды алмастыратын көмек;
Жоспарлы стационарлық көмек;
Оңалту және қалпына келтіру емі.

Үшінші деңгей ақылы медициналық қызметтер, ерікті медициналық сақтандыру есебінен ұсынылады.

Сатып алу қағидаларына сәйкес медициналық қызметтер көлемін жоспарлау ТМККК шеңберінде халықтың медициналық көмекке қажеттілігін бағалауды, ресми статистикалық есептіліктің демографиялық және эпидемиологиялық деректерін ескере отырып жүзеге асырылды.

Сатып алу жоспары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігімен келісілді және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Бюджеттік комиссиясымен мақұлданды (2019 жылғы 29 қарашадағы хаттама).

Сатып алу жоспары Қор Басқармасының шешімімен бекітілді және 2020 жылға арналған ТМККК көлемдерін орналастыру үшін республикалық және өңірлік комиссиялардың жұмысында қабылданды. Жыл бойына ТМККК шеңберінде медициналық қызметтерді сатып алу жоспарын нақтылау жүзеге асырылды, оның сомасы 2020 жылдың қорытындысы бойынша 1 147,9 млрд теңгені құрады.

**ТМККК шеңберінде 2020 жылға арналған
медициналық қызметтерді сатып алудың нақтыланған жоспарының
құрылымы**

№2-кесте
Млрд

Медициналық көмек пен қызметтердің атауы	Сомасы , млрд. теңге	Үлесі, % бойынша
--	----------------------------	------------------------

АДҚ	116	10,1%
Жедел медициналық көмек және жердегі санитарлық авиация	56,2	4,9
Алғашқы санитарлық -медициналық көмек	336,7	29,3%
Консультациялық-диагностикалық көмек	27,7	2,4%
Амбулаториялық гемодиализ	30,4	2,6%
Стационарды алмастыратын көмек	16,6	1,4%
Стационарлық медициналық көмек	135,5	11,8%
Ауыл халқы үшін стационарлық және стационарды алмастыратын көмек	58,9	5,1%
Жоғары технологиялық медициналық қызметтер	4,0	0,3%
Паллиативтік көмек және мейірбике күтімі	2,6	0,2%
Патологиялық-анатомиялық қызмет	1,7	0,1%
Қан мен оның компоненттерін дайындау, қайта өңдеу, сақтау жөніндегі қызметтер	20,3	1,8%
АИТВ жұқтырған және ЖҚТБ-мен ауыратын адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек		12,8
Туберкулез	40,9	3,6%
Психикалық аурулар, нашақорлық және алкоголизм	37,2	3,2%
Инфекция	9,6	0,8%
Онкология	51,9	4,6%
Онкогематология	13,3	1,2%
Бюджет қаражаты есебінен шетелде емделу	1,1	0,1%
ҚР-да КВИ -дің таралуына жол бермеу мақсатында пандемия жағдайында іс-шараларға ақы төлеу	174,5	15,2%
ЖИЫНЫ	1 147,9	

МӘМС жүйесінде медициналық қызметтерді сатып алу жоспары

2019 жылдың соңында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігімен келісім бойынша Қор Басқармасының шешімімен 2019 жылғы 29-қарашада МӘМС жүйесінде медициналық қызметтерді сатып алудың 2020-шы жылға арналған жоспары алғаш рет бекітілді, бұл шамамен 417,1 млрд. теңгені құрайды, оның ішінде медициналық көмектің нысандары, түрлері және қызмет түрлері бар:

- «Консультациялық-диагностикалық көмек»: 119,9 млрд.теңге сомасында;
- «Стационарды алмастыратын медициналық көмек»: 25,5 млрд.теңге сомасында;
- «Стационарлық көмек» 151,9 млрд.теңге сомасында;
- «Ауыл халқына стационарлық көмек»: 33,2 млрд.теңге сомасында;
- «Жоғары технологиялық медициналық қызметтер»: 34,1 млрд.теңге сомасында;
- «Қалпына келтіру емі және медициналық оңалту» 51,9 млрд.теңге сомасында;

- «Патологоанатомиялық бюроның қызметтері»: 0,5 млрд.теңге сомасында.

3.6. ТМККК шеңберінде медициналық қызметтер көлемін орналастыру

ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алу Сатып алу қағидаларына сәйкес дерекқорға енгізілген денсаулық сақтау субъектілері арасында медициналық қызметтерді сатып алу веб-порталында жүргізіледі.

Денсаулық сақтау субъектілерін таңдау және медициналық қызметтер көлемін орналастыру рәсімдерін жүргізу үшін Қордың орталық аппаратының жанынан Республикалық комиссия және Қор филиалдарының жанынан 17 өңірлік комиссия құрылды.

Комиссиялардың құрамына Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің, Қордың, Денсаулық сақтау басқармасының (өңірлік комиссия құрамында), «Атамекен» ҰКП және (немесе) пациенттердің, денсаулық сақтау субъектілерінің немесе медицина қызметкерлерінің мүдделі үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, цифрлық денсаулық сақтау субъектісінің өкілдері кіреді.

Республикалық комиссияға жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілері өтінім береді. Ал, өңірлік деңгейдегі медициналық қызметтер көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілері өңірлік комиссияға береді.

ТМККК шеңберінде медициналық қызметтер көлемдерін орналастыру сатып алу жоспарының негізінде жүзеге асырылады.

Жыл бойында ағымдағы қаржы жылына көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттары жасалған өнім берушілер арасында және (немесе) денсаулық сақтаудың жаңа субъектілерін дерекқордан тарту арқылы, денсаулық сақтау субъектілерін таңдау рәсімдері жүргізіледі:

қызметтердің орналастырылмаған көлемінің болуы;

қызметтердің бос көлемінің болуы;

ағымдағы қаржы жылында медициналық қызметтерді сатып алу жоспары өзгерген кезде.

Денсаулық сақтау субъектілерін таңдау мақсатында ұсынылған өтінімдер, қоса берілетін құжаттар немесе Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйелерінен алынған мәліметтердің негізінде жүзеге асырылады, оларды талдау нәтижелері бойынша комиссия медициналық қызметтер көлемдерін орналастыруды жүргізеді.

ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде шарттар жасасу үшін Кодекстің 69-бабының 6-тармағына сәйкес аккредиттелген денсаулық сақтау ұйымдары басым құқыққа ие болады, сондай-ақ МӘМС жүйесінде Қазақстан Республикасының аумағында үш жыл бойы үздіксіз тиісті медициналық көмек

көрсету тәжірибесі бар денсаулық сақтау субъектілері де басым құқыққа иелік етеді.

Өтінімде денсаулық сақтау субъектісі медициналық қызметтердің мәлімделген көлемін орындау үшін қажетті ұсынылған мәліметтердің дұрыстығын (кадр ресурстарының болуы, медициналық техниканың болуы, медициналық көмекті ұсынудың түрлері мен нысандары бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыс тәжірибесі туралы мәліметтер) және т.б. жағдайларды растайды. ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтер көлемін 2021 жылға бөлу кезінде медициналық қызметтер көлемін автоматты бөлу іске асырылды, оларды көрсету үшін ақы төлеу МСАК субъектісіне бекітілген халыққа «Бекітілген халық тіркелімі» ақпараттық жүйесінде немесе Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйелерінде тіркелген пациенттер санына (онкологиялық науқастардың электрондық тіркелімі, туберкулезбен ауыратын науқастардың ұлттық тіркелімі, психикалық науқастардың электрондық тіркелімі) есептеліп жүзеге асырылады:

- жедел медициналық көмек көрсету, білікті мамандарды және (немесе) науқасты санитариялық көлікпен тасымалдауға байланысты медициналық көмек көрсету;

- алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде медициналық көмек көрсету;

- туберкулезбен ауыратын адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету;

- психикалық денсаулық саласындағы науқастарға, яғни, психикалық және мінез-құлқында бұзылулары (аурулары) бар адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету;

- онкологиялық аурулармен ауыратын науқастарға медициналық көмек көрсету.

Қордың филиалдарына шарттар жасасу құқығы берілді.

Көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттары жасалған өнім берушілердің тізімі Қордың және бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің және Қазақстан Республикасы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының) интернет-ресурсында орналастырылады және өзектендіріледі.

2020 жылы Қор филиалдары 1 411,9 млрд теңге сомасына 1 290 денсаулық сақтау субъектілерімен ТМККК және МӘМС қызметтерін сатып алу шарттарын жасады.

Оның ішінде өнім берушілердің көбі Алматы қаласында–174, Шымкент қаласында–111, Шығыс Қазақстан облысында–104, Қарағанды облысында–105. Ал, Солтүстік Қазақстан облысында–40, Батыс Қазақстан облысында–46, Ақмола облысында–49, Маңғыстау облысында–50, бұл жоғарыда көрсетілген өнім

берушілер санынан айтарлықтай аз.

1 290 өнім берушіден–мемлекеттік меншік нысанындағы медициналық ұйым саны 655, бұл 51%-ды құрайды. Жеке меншік нысанындағы өнім берушілердің үлесі 49% немесе 635 өнім берушіні құрады.

Орташа республикалық көрсеткіштен жоғары жеке өнім берушілердің үлесі

Шымкент қаласында–72%, Нұр-Сұлтан қаласында–68%, Алматы қаласында–55%, Жамбыл облысында– 51% және Қызылорда облысында–47%.

Жеке меншік өнім берушілердің үлесі Батыс Қазақстан облысында–22%, Қостанай облысында–31% және Ақмола облысында–33%.

3.7. Денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық көмектің сапасы мен көлемі бойынша шарттық міндеттемелерді орындау мониторингі

Денсаулық сақтау субъектілері көрсеткен қызметтердің сапасы мен көлемінің мониторингі сапаны сыртқы бағалау шеңберінде жүзеге асырылды және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2018 жылғы 29 наурыздағы №138 бұйрығымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен медициналық қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалуына мониторинг жүргізу қағидаларына сәйкес регламенттелді.

Медициналық қызметтердің сапасы мен көлемінің мониторингінің жүзеге асырылу жолы:

1) денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелеріне өнім беруші енгізген көрсетілген қызметтерді бағалау. Денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелерінде медициналық қызметтердің сапасы мен көлемін мониторингтеу нәтижелері бойынша автоматтандырылған тәсілмен белгіленген ақаулар расталады немесе қабылданбайды, сондай-ақ өзге де анықталған ақаулар беріледі;

2) қағаз жеткізгіштердегі бастапқы медициналық құжаттаманы зерделеу, көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының талаптарын орындау жөніндегі шараларды қамтамасыз ету мақсатында ақпараттық жүйелерге енгізілген деректерді бастапқы медициналық құжаттамамен салыстырып тексеруді және өзге де іс-шараларды жүзеге асыру үшін денсаулық сақтау субъектілеріне бару.

Қор медициналық қызметтердің сапасы мен көлеміне мониторинг жүргізу үшін қажет болған жағдайда тәуелсіз сарапшыларды тартады.

Тәуелсіз сарапшылар мынадай жағдайларда тартылады:

1) өлім жағдайларын, сирек кездесетін аурулары бар емделген жағдайларды, клиникалық жоспарда жоғары мамандандырылған емделген жағдайларды, асқынулары бар емделген жағдайларды қарау кезінде, сондай-ақ іс жүзінде шеккен шығыстар үшін көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу кезінде медициналық көмектің тиісті сапасын растау қажеттілігі уақытында;

2) көрсетілген медициналық қызметтерге жоспарлы, тақырыптық (нысаналы) мониторинг жүргізу үшін;

3) Қордың сот істеріне қатысуы.

Қормен жүзеге асырылады:

1) медициналық көмектің түрлері мен нысандары, медициналық қызмет түрлері бойынша ағымдағы мониторинг;

2) медициналық көмектің түрлері мен нысандары, медициналық қызмет түрлері бойынша нысаналы мониторинг.

3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген мониторинг нысанасына кірмеген көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалуын мониторингтеу.

2020 жылы Қор медициналық көмек көрсетудің сапасы мен көлеміне жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша медициналық көмек көрсетудің 1 232 мың ақауы (бұдан әрі–ақау) бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуден 9,18 млрд теңге сома қаражатты алып тастады.

2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылы қаражатты алып тастау сомасының 43%-ға өсуі байқалады (2019 жылы 6,4 млрд теңге).

Медициналық көмектің/медициналық қызметтің нысандары мен түрлері бөлінісінде анықталған ақаулардың саны және алып тастау сомасы №5-кестеде келтірілген.

№3-кесте
Млрд

№	Медициналық көмек көрсету түрі / нысаны	Барлық ақаулар және алып тастау сомасы	
		саны	сомасы
1	Амбулаториялық-емханалық көмек (МСАК+КДҚ)	56 156	832,1 млн.
2	Ауыл халқына көрсетілетін медициналық көмек	32 055	476,8 млн.
3	КЖН-ға кірмейтін консультациялық-диагностикалық қызметтер	935 175	1 523,4 млн.
4	Стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек	85 125	5 660,6 млн.
5	Медициналық-әлеуметтік көмек (онкология, туберкулез, наркология, психиатрия, АИТВ / ЖИТС)	8 716	317,8 млн.
6	Басқа қызметтер (патологиялық-анатомиялық диагностика, жедел медициналық көмек, қанмен оның компоненттерін дайындау, қайта өңдеу, сақтау және өткізу саласындағы қызмет), оның ішінде:	115 036	370,7 млн.
	<i>Патологоанатомиялық диагностика</i>	96 183	312,9 млн.
	<i>Жедел медициналық көмек (1-3санат)</i>	18 753	51,5 млн.

<i>Қан мен оның компоненттерін дайындау, қайта өңдеу, сақтау және өткізу, қан препараттарын өндіру саласындағы қызмет</i>	100	6,2 млн.
ЖИЫНЫ, сапа және көлем мониторингінің нәтижелері бойынша	1 232 263	9,18 млрд.

Алып тастау сомасы бойынша негізгі үлес стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайдағы мамандандырылған медициналық көмекке (61,7%) және КЖН-ға кірмейтін консультациялық-диагностикалық қызметтерге (16,6%) тиесілі.

Ақаулар бөлінісінде анықталған ақаулардың негізгі үлесі кешенді жан басына шаққандағы нормативтен тыс (бұда нәрі–КЖН-нан тыс) (75,9%), стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмекке (6,9%) келеді.

3.8. COVID 19 КОРОНАВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯСЫМЕН КҮРЕС БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР

2020 жылы Қордың филиалдары 1 422 денсаулық сақтау субъектілерімен КВИ- ге қарсы күрес бойынша қызметтерді сатып алу шарттарын жасады, оның ішінде мемлекеттік меншік нысанындағы қызметтер бойынша–959 өнім беруші немесе 67%, жеке меншік нысанындағы қызметтер бойынша–463 өнім беруші немесе өнім берушілердің жалпы санының 33%-ын құрады.

№4-кесте

Филиалдың атауы	Меншік нысаны		Жиыны
	мемлекеттік	Жеке меншік	
Ақмола облысы бойынша филиал	53	12	65
Ақтөбе облысы бойынша филиал	50	30	80
Алматы облысы бойынша филиал	62	21	83
Атырау облысы бойынша филиал	43	10	53
Шығыс Қазақстан облысы бойынша филиал	95	57	152
Алматы қ. бойынша филиал	105	65	170
Нұр-Сұлтан қ. бойынша филиал	47	43	90

Шымкент қ. бойынша филиал	42	47	89
Жамбыл облысы бойынша филиал	46	20	66
Батыс Қазақстан облысы бойынша филиал	53	6	59
Қарағанды облысы бойынша филиал	79	43	122
Қостанай облысы бойынша филиал	64	10	74
Қызылорда облысы бойынша филиал	37	16	53
Маңғыстау облысы бойынша филиал	36	20	56
Павлодар облысы бойынша филиалы	47	22	69
Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиал	42	4	46
Түркістан облысы бойынша филиал	58	37	95
Жиыны	959	463	1 422

2020 жылға КВИ-мен күрес жолындағы іс-шаралар бойынша сатып алу жоспарының орындалуы 193 315,4 млн теңгені құрады, оның ішінде ТМҚКК 179 579,15 млн теңге және МӘМС 13 736,25 млн теңге.

№5-кесте
Млн

Атауы	ТМҚКК	МӘМС
COVID-19	179 579,15	13 736,25
КВИ жағдайында үйдегі стационар	47,88	13,42
МСАК мобильді бригадасы	254,65	3 109,82
Көтермелеу сомасы	110 903,47	-
АЕК деңгейіндегі ПТР	6 142,76	8 911,47
ЖМК деңгейіндегі ПТР	2 769,85	1 701,55
Карантиндік ауруханаға жатқызу	4 392,62	-
КВИ-ді емдеу (инфекциялық профиль)	33 430,60	-
Провизорлық ауруханаға жатқызу	21 637,33	-

КВИ анықталған пациенттер үшін медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету шеңберінде мынадай іс-шаралар өткізілді:

1. Бас санитарлық дәрігер қаулысының ұсынымдарын және диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларын түсіндіре отырып, филиалдардың сарапшыларын бейне-конференц байланыс (Zoom) режимінде

оқыту семинарлары өткізілді;

2. Өткізілген семинарлардың нәтижелері бойынша стационар және МСАК деңгейінде КВИ анықталған пациенттерге көрсетілген медициналық көмектің сапасы мен көлеміне мониторинг жүргізу алгоритмдері әзірленді;

3. Тыныс алу органдарының аурулары бар пациенттердің, оның ішінде КВИ анықталған пациенттердің өлім жағдайларына мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары мен алгоритмі әзірленді.

Жүргізілген мониторингтердің нәтижелері бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдарға ұсыныстар мен ұсынымдар енгізіле отырып, өлім жағдайларына талдау жасау жүйелі негізде жүргізілді;

4. Тұрақты негізде КВИ бар пациенттердің емделген және өлім жағдайларын кодтаудың дәйектілігі мен дұрыстығына мониторинг жүргізілді. Мониторинг нәтижелері бойынша талдау жүргізілді, ұсыныстар уәкілетті органға жіберілді;

5. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган үшін «Медициналық оңалту көрсету қағидаларын бекіту туралы» және «КВИ ауруы бар және оған күдікті науқастарды бақылауды ұйымдастыру туралы» бұйрықтардың жобаларына ұсыныстар әзірленді және жіберілді;

6. Ай сайынғы негізде уәкілетті органның жетекшілік ететін департаментіне медициналық көмек көрсету қолжетімділігінің проблемалық мәселелері анықталған жиынтық талдамалық ақпарат жолданды.

7. Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 12 маусымдағы «COVID-19 коронавирусының симптомсыз түрі бар науқастарды амбулаториялық бақылауды ұйымдастыру туралы» №380 бұйрығының негізінде сапа мен көлем ақауларын қолдануға мониторинг жүргізу және мораторий енгізу нұсқаулығы әзірленді.

8. Тұрақты негізде МСАК деңгейінде және стационарлық деңгейде медициналық көмектің қол жетімділігіне мониторинг жүргізіліп отырды:

- халықтың мобильді бригадалардың қызметтері мен қамтамасыз етілуі;
- КВИ іс-шараларына тартылған стационарлардың бейінді мамандармен қамтамасыз етілуі;
- КТ / МРТ жабдықтарымен қамтамасыз етілуі;
- диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамасына сәйкес стационарлар мен МСАК ұйымдарының дәрілік заттармен қамтамасыз етілуі;
- МСАК учаскелерінің пульсоксиметрлермен қамтамасыз етілуі;
- жедел медициналық көмек қызметтерін көрсету қолжетімділігінің мониторингі.

ҚР бойынша мобильді бригадалардың саны 3345-ті құрады, оның ішінде ең көбі Шығыс Қазақстан облысында—404 (бекітілген 3266 халыққа 1 бригада); Түркістан облысында—395 (4981 халыққа 1 бригада) және Алматы облысында—

354 (5921 халыққа 1 бригада). Алматы қаласындағы бекітілген 18 811 халықтың санына 1 бригадadan келеді, бұл жүктеме аталған қаладағы бригадалар санының жеткіліксіздігін көрсетеді.

МСАК ұйымдарында барлық орталық аудандық ауруханаларда жеке кіретін есігі бар сүзгі кабинеттері ұйымдастырылған және жұмыс жасайды. КВИ-ге күдікті барлық пациенттер фильтр арқылы өтеді, онда: пациенттерді қабылдау бөлмесі, науқастарды оқшаулау бөлмесі және биоматериалды алу бөлмесі бар. Мониторланған МҰ-да сүзгі кабинетінде тексеру бейне-фото есеп арқылы жүргізілді, онда қорытындысы бойынша толық көлемде ЖҚК-мен жабдықтау белгіленеді (маскалар, респираторлар, қолғаптар, қорғаныш көзілдіріктер, қалқандар, халаттар, көп рет қолданылатын және бір рет қолданылатын ПЧК, резеңке костюмдер бар).

3.9. Денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтеріне ақы төлеу

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20-желтоқсандағы № ҚРДСМ-291/2020 бұйрығымен бекітілген ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесіндегі денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтеріне ақы төлеу қағидаларына сәйкес, көрсетілген қызметтердің қол қойылған актілері бойынша төлемді Қор есепті кезең аяқталғаннан кейін күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірмей өнім берушінің екінші деңгейдегі банктегі есеп айырысу шотына немесе қызметтер көрсеткені үшін алынған қаражатты есепке алу және жұмсау бойынша банк операцияларын жүргізу үшін ашылған қолма-қол ақшаны бақылау шоттарына ақша қаражатын аудару арқылы жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттары, қосымша келісімдер, сондай-ақ төлем құжаттары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйелерінде автоматты түрде қалыптастырылады.

«Медициналық қызметтердің сапасын басқару жүйесі» АЖ – да (бұдан әрі - «МҚСБЖ» АЖ) медициналық көмектің мынадай түрлері бойынша актілер қалыптастырылады:

- стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек
- стационарлық жағдайдағы мамандандырылған медициналық көмек
- ауыл халқына стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек
- жоғары технологиялық медициналық көмек
- паллиативті медициналық көмек
- онкогематологиялық науқастарға медициналық көмек
- ҚР-да КВИ таралуына жол бермеу мақсатында пандемия жағдайында іс-шараларға ақы төлеу

- бағдарламалық диализ
- жұқпалы аурулармен ауыратын науқастарға медициналық көмек
- медициналық оңалту

«Бірыңғай төлем жүйесі» АЖ-да медициналық көмектің мынадай түрлері бойынша актілер қалыптастырылады:

- жедел медициналық көмек және білікті мамандарды және (немесе) науқасты санитариялық көлікпен тасымалдауға байланысты медициналық көмек;
- алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде медициналық көмек көрсету;
- консультациялық-диагностикалық көмек (амбулаториялық жағдайда мамандандырылған медициналық көмек);
- ауыл халқына стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек;
- жергілікті денсаулық сақтау ұйымдары үшін қан, оның компоненттері мен препараттарын өндіруге арналған шығыстар;
- ҚР-да КВИ-дің таралуына жол бермеу мақсатында пандемия жағдайында іс-шараларға ақы төлеу;
- патологоанатомиялық диагностика;
- халықтың нысаналы топтарына скринингтік зерттеулер жүргізу.

«Онкологиялық науқастардың электрондық тіркелімі» АЖ-да:

- онкологиялық аурулармен ауыратын науқастарға медициналық көмек;
- психикалық, денсаулық саласындағы мінез-құлықтық бұзылулары (аурулары) бар науқастарға медициналық көмек;
- туберкулезбен ауыратын адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек;
- АИТВ инфекциясын жұқтырған адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек.

АИТВ инфекциясын жұқтырған адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек бойынша төлем құжаттарын қалыптастыру автоматтандырылмаған.

2020 жылы қабылданған актілерге сәйкес ТМККК және МӘМС шеңберінде көрсетілген қызметтердің нақты орындалуы 1 411,9 млрд теңгені құрайды, бұл АДҚ және шетелде емдеуді қоспағанда, жасалған шарттар сомасының 100% - ы.

2020 жылдың қорытындысы бойынша сатып алу жоспарына сәйкес медициналық көмек түрлерінің орындалуы төмендегідей:

№ 6-кесте
млн теңге

№	Сатып алу жоспары	Жасалған шарттардың сомасы	оның ішінде:		Сатып алу жоспарының басында (төлеу үшін қабылданды)	оның ішінде:	
			ТМҚКК шеңберінде	МӘМС шеңберінде		ТМҚКК шеңберінде	МӘМС шеңберінде
	ЖИЫНЫ:	1 411 928,63	1 010 952,43	400 976,20	1 411 923,77	1 010 952,43	400 971,34
1	Жедел медициналық көмек	56 207,88	56 207,88	0,00	56 207,88	56 207,88	0
2	Алғашқы медициналық-санитарлық көмек	335 495,08	335 495,08	0,00	335 495,08	335 495,08	0
3	Қан препараттарымен қамтамасыз ету	20 331,88	20 331,88	0,00	20 331,88	20 331,88	0
4	Амбулаториялық гемодиализ	30 401,85	30 401,85	0,00	30 401,85	30 401,85	0
5	Жұқпалы ауруларға медициналық көмек	9 617,35	9 617,35	0,00	9 617,35	9 617,35	0
6	онкогематология	13 207,84	13 207,84	0,00	13 207,84	13 207,84	0
7	Онкологиялық аурулармен ауыратын науқастарға медициналық көмек	51 667,79	51 667,79	0,00	51 667,79	51 667,79	0
8	Паллиативті көмек	2 629,00	2 629,00	0,00	2 629,00	2 629,00	0
9	Стационарды алмастыратын медициналық көмек	40 402,22	16 275,84	24 126,38	40 402,22	16 275,84	24 126,38
10	АИТВ жұқтырғанадамдарға медициналық-әлеуметтік көмек	12 777,11	12 777,11	0,00	12 777,11	12 777,11	0

11	Ауыл халқына стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек	92 785,40	58 884,71	33 900,69	92 785,40	58 884,71	33 900,69
12	Туберкулезбен ауыратын адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек	40 888,80	40 888,80	0,00	40 888,80	40 888,80	0
13	Психикалық денсаулық саласындағы мінез-құлықтық бұзылулары (аурулары) бар науқас адамдарға медициналық көмек	37 200,06	37 200,06	0,00	37 200,06	37 200,06	0
14	КЖН-нен тыс КДҚ	112 425,82	15 523,74	96 902,08	130 844,51	21 921,15	108 923,36
15	Патологоанатомиялық диагностика	1 948,82	1 651,23	297,59	1 948,82	1 651,23	297,59
16	Стационарлық медициналық көмек	294 560,83	124 676,02	169 884,82	294 557,58	124 676,02	169 881,56
17	ЖТМҚ	33 142,77	3 937,10	29 205,67	33 142,77	3 937,10	29 205,67
18	КВИ	193 315,97	179 579,15	13 736,82	174 896,71	173 181,74	1 714,97
19	Қалпына келтіру емі және оңалту	28 281,28	0,00	28 281,28	28 280,26	0	28 280,26
20	Профилактикалық тексеру скрининг	4 640,86	0,00	4 640,86	4 640,86	0	4 640,86

3.10. Тарифтерді белгілеуді жетілдіру

МӘМС туралы Заңға сәйкес МӘМС жүйесінде медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру тәртібімен әдістемесін әзірлеу және аяққында уәкілетті органның ерекше құзыреті болып табылады, Қор уәкілетті органға тарифтер бойынша ұсыныстар жібереді.

2020 жылы тариф белгілеу бойынша жұмыстар шеңберінде мынадай жұмыстар жасалынды:

оқушыларға медициналық көмек көрсету үшін жан басына шаққандағы норматив енгізілді;

шұғыл медициналық көмектің жан басына шаққандағы нормативі енгізілді;
жедел жәрдем көрсетуге арналған тарифтерді және санитарлық автокөлікпен тасымалдауға арналған тарифтерді біріктіру;

инфекциялық қызметке ақы төлеуді клиникалық-шығынды топтар бойынша емделіп шығу жағдайына арналған тарифке ауыстыру;

элеуметтік мәні бар аурулар бойынша кешенді тарифтерді теңестіру;

Достық кабинеттерде АИТВ-мен ауыратын науқасқа бірыңғай тарифті енгізу, диагностикалау және емдеу;

емделіп шыққан жағдайдың ауырлығын (травматология, миокард инфарктісі, инсульт, инфекция, онкология, кардиохирургия) ескере отырып, тарифтерді пилотты қапробациялау жүргізілді;

жалақыны көтеруге бюджет бөлінуін ескере отырып, 2020 жылға арналған тарифтер қайта қаралды (барлық бағыттар бойынша дәрігерлердің еңбекақысының 30% - ға дейін, орта медициналық қызметкерлердің еңбекақысының 20% - ға дейін өсуі);

бағамды қайырман ескере отырып тарифтерді жетілдіру;

НҚА-да жаңа медициналық қызметтердің тарифтері есептелді және бекітілді: «ADOS және ADI-R әдістемелерін пайдалана отырып аутистік спектрдің бұзылуын диагностикалық тексеру», «Бифокальді резонанстық виброакустикалық терапия», «Ағынды цитометрия әдісімен HLA-антиденелермен сарысудың сенсбилизациясының пайызын анықтау», «8 локус бойынша I және II сыныптардың HLA-жүйесі бойынша қанды генотиптеу (A, B, C, DRB1, DQB1/ DQA1, DPB1/DPA1) ПТР-SSP әдісімен төмен ажыратымдылықта флуоресцентті оқу», «HLA-A, B, C, Drb1, dqa1/dqb1, dpb1/dpa1 гендерін NGS молекулалық-генетикалық әдісімен жоғары ажыратымдылықта анықтау»;

- КВИ пандемиясына байланысты медициналық және медициналық емес ұйымдарға ақы төлеу жүзеге асырылатын ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық қызметтерге арналған жаңа тарифтер әзірленіп, НҚА-да бекітілді:

- *«Полимеразды тізбекті реакция әдісімен биологиялық материалдан КВИ вирусының РНҚ-сын анықтауға диагностикалық зерттеу үшін белгіленген тариф»;*

- *«Қан сарысуындағы SARS-CoV-2 (КВИ) коронавирусына IgM класты антиденелерді ИФТ-әдісімен анықтау»*

- *«Қан сарысуындағы SARS-CoV-2 (КВИ) коронавирусына IgG класындағы антиденелерді ИФТ әдісімен анықтау»;*

- *«Қан сарысуындағы SARS-CoV-2 (КВИ) коронавирусына IgM/IgG класты антиденелерді ИФТ-әдісімен анықтау»;*

- «Қан сарысуындағы SARS-CoV-2 (КВИ) коронавирусына жалпы антиденелерді иммунохемиллюминисценция әдісімен анықтау»;
- «SARS-CoV-2 (КВИ) коронавирусына IgG/IgM класты антиденелерді экспресс-әдіспен анықтау»;
- «КВИ-ға күдік болған кезде карантиндік стационарда оқшаулауға арналған тариф; МСАК мобильді бригадасының 1 рет шығуы үшін тариф)»;
- НҚА-да ағымдағы ауырлықты ескере отырып, КШТ бойынша КВИ-ді емдеуге арналған тарифтер әзірленді және бекітілді:
 - 1) КШТ № 255 «Ауыр және аса ауыр дәрежедегі КВИ коронавирустық инфекциясы»;
 - КШТ №256 «КВИ коронавирустық инфекциясы орташа ауырлықта»;
 - КШТ №257 «Жеңіл дәрежедегі және симптомсыз нысандағы КВИ коронавирустық инфекциясы»;
 - Балалар мен жасөспірімдерде КВИ-мен байланысты мультисистемалық қабыну синдромы + нақты шығындар;
 - НҚА-да КВИ-мен ауырған пациенттерді оңалтуға арналған тарифтер әзірленді және бекітілді:
 - КШТ №259 «Пневмониямен, оның ішінде коронавируспен ауыратын науқастарды медициналық оңалтудың 2 кезеңі»;
 - КШТ №260 «Пневмониямен, оның ішінде коронавируспен ауыратын науқастарды медициналық оңалтудың 3 кезеңі».

3.11. Пациенттерді шетелде емдеуді ұйымдастыру

Қор Қазақстан Республикасының азаматтарын бюджет қаражаты есебінен шетелдік медициналық ұйымдарға емделуге жіберу жөніндегі комиссияның жұмыс органы болып табылады (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 01-ақпандағы № 39 бұйрығы).

Қор Қазақстан Республикасының азаматтарын бюджет қаражаты есебінен шетелдік медициналық ұйымдарға емделуге жіберу бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарын бюджет қаражаты есебінен шетелге емделуге жіберу қағидаларына сәйкес өз қызметін жүзеге асырды (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 544 бұйрығы).

Қазақстан Республикасының азаматтарын 2020 жылға арналған ТМККК шеңберінде шетелде емдеу бойынша 1 570 873 мың теңге қарастырылған (түзетуді ескере отырып). Бюджет қаражатының есебінен шетелдік мамандарды тарта отырып, Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелге және отандық

медициналық ұйымдарға емделуге жіберу бойынша Сараптамалық Комиссияның 21 отырысы өткізілді (бұдан әрі–СК). Шетелдік медициналық ұйымдармен 997 293 мың теңге сомасына 53 шарт жасалды. Бұдан өзге, 2019 - жылдан бастап 2020 жылға 23 ауыспалы пациент бойынша қабылданған міндеттемелердің сомасы 366 490 мың теңгені құрайды. Қабылданған міндеттемелердің жиынтығы 1 363 783 мың теңгені (87%) құрайды.

2020 жылы шетелге емделуге үміткер пациенттерден 107 өтініш келіп түсті.

Бюджет қаражатының есебінен Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелдік медициналық ұйымдарға емделуге жіберу бойынша СК 21 отырыс өткізді, онда шетелде емделуге үміткер пациенттердің 78 құжаттар пакеті қаралды.

53 пациентке Қазақстан Республикасында өткізілмеген ЖТМК жүргізу үшін шетелге емделуге жолдама мақұлданды.

- 1 пациентке «УМС» КҚ Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы базасында Ресейден шетелдік маманды тарта отырып, шеберлік сыныбының аясында сүйек пирамидасының пайда болған ісіктерін жою жүргізілді.

- 12 пациентте бюджет қаражаты есебінен шетелге емделуге жіберу үшін медициналық көрсетілімдер болмаған (ұсынылатын медициналық технология отандық медициналық ұйымдар базасында жүргізіледі, тасымалдауға болмайтын жай-күй және т.б.);

- 12 пациенттің құжаттарын қарау мерзімі ұзартылды (2021 жылдың басына ем тағайындауға; отандық медициналық ұйымдар жағдайында қосымша ем жүргізу қажеттілігіне және т.б. жағдайларға байланысты).

Қор тұрақты негізде МӘМС саласында халықаралық ынтымақтастықты дамытуды жүргізеді. Алайда, КВИ-дің таралуына байланысты жұмыс сапарлары, кездесулер және басқа да іс-шаралар эпидемиологиялық жағдай тұрақталғанға дейін кейінге қалдырылды не онлайн форматта өткізілді.

2020 жылы Халықаралық әлеуметтік камсыздандыру қауымдастығындағына (бұдан әрі–ХӘҚҚ) мүше болуының аясында Қор өкілдері 2020 жылғы 10 маусымда Женева қаласынан (Швейцария Конфедерациясы) тікелей трансляциямен бейне-конференция форматында өткен ХӘҚҚ техникалық комитеттерінің 14-ші форумына қатысты.

Сондай-ақ, Қор қызметкерлері 2020 жыл бойына тыңдаушылар ретінде Қордың қызмет саласына байланысты ХӘҚҚ ұйымдастыратын вебинарларға қатысты (атап айтқанда, COVID-19 таралуы жағдайында денсаулық сақтау жүйесін ұйымдастыруға арналған вебинарлар сериясы).

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекетте жұмыс жасайтын еңбекшілермен олардың отбасы мүшелерін медициналық көмекпен қамтамасыз ету мәселесін реттеу жөніндегі Еуразиялық экономикалық комиссияның отырыстарына қатысты.

3.12. Амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету

Азаматтарды амбулаториялық деңгейде дәрілік заттармен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 28 шілдедегі «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және МӘМС жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың, оның ішінде белгілі бір аурулары (жай-күйі) бар азаматтардың жекелеген санаттарының тегін және (немесе) жеңілдікті дәрілік заттармен тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 29 тамыздағы № 666 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» (бұдан әрі-АДҚ бұйрығы) бұйрығына сәйкес дәрілік заттар айналымы саласындағы денсаулық сақтау объектілері арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № ҚР ДСМ-210/2020 бұйрығымен бекітілген Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысы саласындағы субъектілерге фармацевтикалық қызметтер құнын төлеу қағидаларына (бұдан әрі – Ақы төлеу қағидалары) сәйкес, көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуді Қор тиісті қаржы жылына арналған әкімшінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларында көзделген қаражат шегінде көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттары негізінде республикалық бюджеттен берілетін трансферттер және Қордың қаражаты есебінен жүзеге асырады.

АДҚ үшін жеткізушілерге ақы төлеу әрбір науқасқа нақты шығыстар бойынша қызметтерді сатып алу шартында көзделген сома шегінде жүзеге асырылады.

Босатылатын препараттардың дербестендірілген есебі жүргізіледі. Медициналық ұйымға тіркелген және диспансерлік есепте тұрған әрбір пациентке амбулаториялық деңгейде ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға (ДЗ, МБ) рецепт жазып беріледі. Жазып берілген рецепт «Дәрі – дәрмекпен қамтамасыз ету» ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі-ДҚАЖ) тіркеледі. Пациенттің препаратты алу фактісі ДҚАЖ-да тіркеледі, бұл бірыңғай дистрибьюторға –«СК-Фармация» ЖШС (БД) босатылған препаратқа Қордың төлем жасауы үшін негіз болып табылады.

Медициналық ұйымдарға препараттарды жеткізуді амбулаториялық-емханалық ұйымдардың өтінімдері негізінде БД жүзеге асырады. Қор БД-мен фармацевтикалық қызметтер құнын төлеу шарттарын жасасады, ол өз кезегінде меншік нысанына қарамастан амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін медициналық ұйымдармен шарттар жасасады.

Тегін препараттармен қамтамасыз етуге барлығы 620-ға жуық медициналық ұйым (бұдан әрі-МҰ) тартылған. ҚР бойынша орташа есеппен алғанда, бір МҰ-ға жүктеме 5 000 мың пациентті құрады. Алматы, Жамбыл,

Қызылорда, Түркістан облыстарында МҰ-ға жүктеменің жоғарылығы байқалуда.

№7-кесте

№	Аймақ	Медициналық ұйымдар	Қамтамасыз етілген пациенттер саны	МҰ-ғажүктеме (1 МҰ-мен қызмет көрсетілетін пациенттердің саны)
1	Ақмола	26	142 340	5 475
2	Ақтөбе	37	166 406	4 497
3	Алматы	38	278 592	7 331
4	Алматы	79	323 728	4 098
5	Атырау	21	64 925	3 092
6	Шығыс Қазақстан	66	299 221	4 534
7	Жамбыл	27	182 991	6 777
8	Батыс Қазақстан	27	154 564	5 725
9	Қарағанды	48	234 232	4 880
10	Қостанай	32	151 602	4 738
11	Қызылорда	23	182 989	7 956
12	Маңғыстау	23	83 158	3 616
13	Нұр-Сұлтан	41	166 456	4 060
14	Павлодар	30	179 504	5 983
15	Солтүстік Қазақстан	19	114 276	6 015
16	Түркістан	41	293 429	7 157
17	Шымкент	42	159 095	3 788
	Жалпы жиыны	620	3 177 508	5 125

Амбулаториялық деңгейде дәрі-дәрмекпен үздіксіз қамтамасыз ету үшін Қор «Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 286 Жарлығы негізінде алғаш рет жасалған шарттар сомасының 100 (жүз) пайызына дейінгі мөлшерде төлем жүргізді. Бұл БД-ге өнім берушілерге/өндіруші зауыттарға 2020 жылы жеткізілетін препараттар үшін алдын ала төлем жүргізуге мүмкіндік берді.

АДҚ тұрғындары үшін Қор 2020 жылға БД-мен фармацевтикалық қызметтер құнын төлеу шарттарын жасады және 140,8 млрд теңге сомаға барлық қаржылық міндеттемелер (100%), оның ішінде ТМККК шеңберінде–115,9 млрд теңге (31.12.2020 ж. №1-шартқа 30.12 2020 ж. № 7 қосымша келісім), МӘМС шеңберінде-24,9 млрд теңге (24.01.2020 ж. №2 шарт) өндірді.

2020 жылы және 2019 жылғы желтоқсанда фармацевтикалық қызметтер құнын төлеудің ұсынылған жиынтық тізілімдері бойынша шарттардың нақты орындалуы 138,6 млрд теңгені (98%) құрады, оның ішінде ТМККК шеңберінде – 115,6 млрд теңге (қайтару 0,3 млрд), МӘМС шеңберінде-22,9 млрд теңге (қайтару 1,9 млрд).

№ 8-кесте
Мың. Теңге

№	Аймақ	БД шарттардың сомасы, мың теңге		Нақты қамтамасыз ету (АДҚАЖ) *, мың. теңге	
		ТМККК	МӘМС	ТМККК	МӘМС
1	Ақмола	4 640 308	779 604	4 591 796	762 236
2	Ақтөбе	4 280 822	760 553	4 249 953	719 549
3	Алматы	8 567 547	1 005 642	8 638 562	1 610 376
4	Алматы	17 816 179	5 428 782	17 874 292	3 368 110
5	Атырау	3 041 170	1 228 092	3 109 774	1 254 446
6	Шығыс Қазақстан	10 975 338	1 992 588	11 002 580	1 669 873
7	Жамбыл	5 346 905	1 277 972	5 321 421	1 173 242
8	Батыс Қазақстан	5 523 055	974 169	5 454 671	748 849
9	Қарағанды	9 507 914	2 708 291	9 436 496	2 742 817
10	Қостанай	5 593 279	1 391 101	5 484 760	1 268 866
11	Қызылорда	4 149 317	902 294	4 149 081	709 087
12	Маңғыстау	3 354 088	600 016	3 323 407	479 992
13	Нұр-Сұлтан	9 721 280	1 767 322	9 687 968	1 777 413
14	Павлодар	4 997 773	1 044 383	4 993 060	1 316 854
15	Солтүстік Қазақстан	5 671 085	860 213	5 619 270	675 703
16	Түркістан	7 212 759	986 799	7 268 692	1 288 537
17	Шымкент	5 584 905	1 177 273	5 432 039	1 412 658
	Жалпы жиыны	115 983 723	24 885 093	115 637 822	22 978 609

* 19.01.2021 ж. жағдай бойынша АДҚАЖ деректері

4-БӨЛІМ. ҚОР ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Қор қызметінің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізу (Қордың 2020-2025 жылдарға арналған даму стратегиясына сәйкес)

2020 жылға арналған Даму стратегиясының іске асырылуын кешенді бағалау үшін 8 стратегиялық индикатор көзделген.

Стратегиялық индикаторлар. 2020 жылдың қорытындысы бойынша 2020 жылға арналған мақсатты мәні бар 8 стратегиялық индикатордың 8 -не қол жеткізілді.

Қордың 2020 жылғы қызметінің нәтижелері бойынша Қордың Даму стратегиясында көзделген қызметтің мынадай негізгі көрсеткіштерінің орындалуы қамтамасыз етілді.

№ 9-кесте

Даму стратегиясының параметрлері	№	Индикаторлар	2020 жылға арналған индикатордың мәні	2020 жылдың қорытындысы бойынша индикатордың орындалуы	орындалу % -ы
1-мақсат. МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕ ХАЛЫҚТЫ ЖАЛПЫ БІРДЕЙ ҚАМТУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ					
Міндеттер:		Индикаторлар			
МӘМС жүйесіне қатысуды арттыру	1	МӘМС жүйесінде халықты қамту деңгейі	кемінде 85%	85,5%	100
Медициналық қызметтерді сатып алуды жетілдіру	2	МӘМС жүйесінде және ТМККК шеңберінде АЕК-ті қаржыландырудың үлесі	кемінде 47%	48%	100
	3	МӘМС есебінен денсаулық сақтауға шығыстардың үлесі	кемінде 15%	Ұлттық денсаулық сақтау шоттары жарияланғаннан кейін анықталатын болады	
2-мақсат. ҚОРДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ САТЫП АЛУШЫ РЕТІНДЕГІ РӨЛІН КҮШЕЙТУ					
Міндеттер:		Индикаторлар			
Медициналық қызметтер көлемін және тарифтік саясатты жоспарлауды	4	МӘМС жүйесінде және ТМККК шеңберінде медициналық қызметтер көлемін жоспарлаудың тиімділігі	Кемінде 65%	85%	100

жетілдіру	5	МӘМС жүйесінде және ТМККК шеңберінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді қайта қарау	2020 жылы нысаналы мән көзделмеген		
Медициналық қызметтерді сатып алу және төлеу тетіктерін жетілдіру	6	Медициналық қызметтердің автоматты бөлінген көлемінің үлесі	2020 жылы нысаналы мән көзделмеген		
	7	Қор өнім берушілерінің қызметтеріне ақы төлеу уақытын қысқарту	2020 жылы нысаналы мән көзделмеген		
3-мақсат. ПАЦИЕНТТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ					
Міндеттер:		Индикаторлар			
Медициналық көмек сапасының проактивті мониторингі тетіктерін енгізу	8	Пациенттердің медициналық қызметтер сапасына қанағаттануы	Кемінде 51%	53,3%	100
Пациенттермен кері байланысты жетілдіру	9	Халықтың алынатын кері байланыс сапасына қанағаттануы	Кемінде 70%	93,2%	100
4-мақсат. ҚОРДЫҢ ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫС ІСТЕУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ					
Міндеттер:		Индикаторлар			
Корпоративтік басқаруды дамыту, процестердің қауіпсіздігі мен реттілігін қамтамасыз ету	10	Корпоративтік басқару рейтингі	2020 жылы нысаналы мән көзделмеген		
Адами капиталды дамыту	11	Кадрлардың тұрақсыздық деңгейі	13%көпемес	12,4%	100
	12	Сыртқы оқытудан өткен қызметкерлердің үлесі	Кемінде 12%	22%	100

5-БӨЛІМ. ҰЙЫМНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ

Қороперациялық тиімділікке ұмтылады, бұл ретте даму бағыттарын нақты белгілейді–ақпараттық жүйелерді дамыту, электрондық құжатайналымын енгізу, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

5.1. Қордың ақпараттық жүйелерін дамыту

«Saqtandyru» ақпараттық жүйесі

2020 жылы Қазақстан Республикасының барлық аумағында МӘМС жүйесі енгізілді. Қордың «Saqtandyru» АЖ ақпараттық жүйесі МӘМС жүйесін енгізуді қолдау мақсатында 2019 жылғы 27 желтоқсаннан бастап іске асырылды және өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді. «Saqtandyru» АЖ шеңберінде ФЛ-дың МӘМС жүйесіне қатысу мәртебесін айқындау процесі автоматтандырылды (бұдан әрі–сақтандырылу мәртебесі) және оны ҚР азаматтарын хабардар ету үшін әртүрлі байланыс арналары арқылы ұсыну (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің АЖ, МАЖ, бот жеделхаттары, Қор сайтындағы плагин, «Электрондық үкімет» порталының жеке кабинеті, «Медициналық қызметтерді тұтынушы ретінде қатысу туралы және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде аударылған аударымдар және (немесе) жарналар сомалары туралы ақпарат беру» мемлекеттік қызметі және т.б.) жүзеге асырылады.

МӘМС шеңберінде жасалынған төлемдер туралы ақпарат бойынша сақтандырылу мәртебесін уақтылы беру мақсатында МӘМС жарналарын терминалдар, екінші деңгейдегі банктер (бұдан әрі–ЕДБ) мен төлем жүйелері арқылы төлеу және азаматтардың «Дербес төлеушілер», «ЖК/Жеке практикамен айналысатын адамдар» және «Бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер» санаттары үшін сақтандырылу мәртебесін автоматты түрде айқындау мүмкіндігі жүзеге асырылды. Келесі ЕДБ–Kaspi bank, Tengri bank, сондай-ақ «Касса 24» және Nalyk bank терминалдары арқылы жарналарды төлеу өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді.

КВИ-дің таралуына байланысты 2020 жылы «шартты» сақтандыру кезеңінің аяқталу мерзімі 2020 жылдың 1- шілдесіне дейін ұзартылды (бұрын 2020 жылдың 31 - наурызына дейінгі уақыт көрсетілген). 01.01.2020 жылдан 01.07.2020 жылға дейін «шартты сақтандырылу» кезеңінде халыққа үздіксіз медициналық көмек көрсету мақсатында азаматтың «нақты мәртебесін» және «шартты мәртебесін» беру бөлігінде сақтандырылу мәртебесін беру бойынша

сервис пысықталды. Бұл қызмет 01.02.2020 жылдан бастап іске қосылды. Сондай-ақ 2020 жыл ішінде Қор халықтың жеңілдікті санаттары бойынша сақтандырылу мәртебесін беру алгоритмдерін бірнеше рет жетілдірді. Медициналық қызметтерді тұтынушылардың есебін жүргізу және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек алу құқығын беру қағидалары әзірленді. Осыған байланысты «Сақтандыру» АЖ-да сақтандыру мәртебесін анықтау қызметін түрлендіру бойынша жұмыстар жүргізілді, атап айтқанда: «Бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер» санаты үшін сақтандыру мәртебесін беру алгоритмі өзгертілді, күнтізбелік 12 ай кезеңінде 2 айға дейін берешегі бар тұлғаларға сақтандыру мәртебесін беру түрінде ерекшеліктер қосылды, тұлғалардың жеңілдікті санаттары үшін сақтандыру мәртебесін беру мерзімі өзгертілді.

Халыққа үздіксіз медициналық көмек көрсету үшін жеңілдікті санаттағы азаматтарға МӘМС жүйесіне қатысудың уақытша мәртебесін беру бойынша функционал әзірленді және іске қосылды, олар туралы ақпарат мемлекеттік органдардың дерекқорларында жоқ.

Сондай-ақ МӘМС жүйесіне қатысу мәртебесі туралы АТЖ жүргізу мүмкіндігін іске асыру, жеңілдікті санаттарға жататын тұлғаларды хабардар ету, Қордың және оның филиалдарының байланыс орталығы деңгейінде консультациялар өткізу бөлігінде «Тұтынушы карточкасы» функционалы пысықталды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30-қазандағы No 721 қаулысына енгізілген «Салық салу мәселелері бойынша» экономиканы тұрақтандыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 287 Жарлығын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 20 сәуірдегі No 224 қаулысына сәйкес жеке практикамен айналысатын адамдар, сондай-ақ микро, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері жалдамалы жұмыскерлер үшін аударымдарды төлеуден 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін босатылған. Қор өз кезегінде МӘМС жүйесінде сақтандыру мәртебесін автоматты түрде беру үшін жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) көрсете отырып, өз қызметкерлерінің тізімдерін жүктеу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында микро, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері үшін функционал әзірледі.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 320 «Қызметкерлердің отбасы мүшелерін, сондай-ақ олардың асырауындағы еңбек қызметін жүзеге асырмайтын адамдарды жұмыссыз ретінде тіркеу және есептен шығару қағидалары мен жағдайларын бекіту туралы» бұйрығын орындау шеңберінде арнайы мемлекеттік және құқыққорғау органдарының кадр бөлімшелері үшін қосымша функционалды іске асыру бойынша жұмыстар жүргізілді, функционалды пайдалану бойынша тиісті қызметтер үшін оқыту

жүргізілді. Сондай-ақ, ҚР Еңбекминінің «Еңбек нарығы» ақпараттық жүйесімен ҚР ЦДИАӨМ ЭҮСШ арқылы интеграциялық жұмыстар жүргізілді.

Қордың ақпараттық жүйелерін дамыту жөніндегі жобаларды басқару шеңберінде мынадай жұмыстар атқарылды:

«Зияткерлік байланыс орталығы 1406» ақпараттық жүйесін (CRM жүйесі) енгізу

Халықтың хабардар болу деңгейін және көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын арттыру мақсатында, оның ішінде ҚР халқынан кері байланысты қамтамасыз ету үшін 2020 жылы «Зияткерлік байланыс орталығы 1406» ақпараттық жүйесі (бұдан әрі-АЖ 1406) енгізілді. 1406 АЖ-ны енгізудің мақсаты-халықтың өтініштері мен шағымдарының бірыңғай тарихы, келіп түскен өтініштерге мониторинг және жедел ден қою, халыққа МӘМС жүйесі туралы шынайы ақпарат беру.

«Qoldau 24/7» мобильді қосымшасын әзірлеу

МӘМС шеңберінде халықпен байланысты қосымша арнамен қамтамасыз ету үшін Қордың «Qoldau 24/7» (бұдан әрі-Qoldau) мобильді қосымшасы App Store және Google Play-де әзірленді және жарияланды.

Денсаулық сақтау субъектілерінен сатып алу веб-порталы

2020 жылы ҚР Қаржы министрлігі электрондық қаржы орталығының «Электрондық коммерциялық сатып алу» ақпараттық жүйесінің базасында Денсаулық сақтау субъектілерінен сатып алу веб-порталы (бұдан әрі-ЭҚС) арқылы электрондық форматта медициналық қызметтерді сатып алу өтті. ҚР ҰКО ЭЦҚ пайдалана отырып, ЭҚС веб-порталы базасында келесі бизнес-процестер электрондық форматқа көшірілді:

- конкурс өткізуге туралы хабарландыруды орналастыру;
- конкурсқа қатысу үшін өнім берушілерден өтінім;
- әлеуетті өнім берушілердің құжаттарын қарау;
- көлемдерді бөлу хаттамасына қол қою.

Қордың сайты

Қордың брендбукін ескере отырып, сайттың визуалды безендірілуі өзгертілді. Қор тарапынан жауап ұсыну мүмкіндігімен сайтқа кірушілердің сұрақтарын орналастыру бойынша функционалдық мүмкіндіктер іске асырылды.

«Емхананы таңдау» бөлімінде медициналық қызмет көрсетудің бейіндері, түрлері мен нысандары, өңірі, ұйым типі, рейтингі бойынша сүзгіні қарау және күйге келтіру мүмкіндігімен Қор өнім берушілерінің картасы іске асырылды.

МӘМС шеңберінде жарналар мөлшері мен өсімпұлды есептейтін калькулятор әзірленді. Сауалнамалар жүргізу және орналастыру үшін

функционалдық мүмкіндіктер жүзеге асырылды. «Мансап» бөлімінде түйіндеме беру және жарияланған бос жұмыс орнына үміткердің тестілеуден өту мүмкіндігі іске асырылды.

5.2. Электрондық құжатайналым

2018 жылдан бастап Қор «Documentolog» электрондыққұжат айналымы жүйесін (бұдан әрі—ЭҚЖ) пайдаланады, бұл электрондыққұжат айналымы және хат-хабар алмасу (кіріс және шығыс хаттар, оның ішінде «қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгісі бар хаттар) сияқты бизнес-процестер бөлігінде Қор қызметін автоматтандыруға мүмкіндік берді. Жеке және заңды тұлғалардыңқызметтік жазбалары мен өтініштері.Сондай-ақ ЭҚЖ-да құжаттар қоймасы қалыптастырылды, бұл жұмыс үшін қажетті барлық ақпаратты, атап айтқанда шарттардың, орындалған жұмыстар актілерінің сканерленген нұсқаларын және ТМККК қызметтері үшін және МӘМС жүйесінде ақы төлеу шот-фактураларын сақтауға мүмкіндік берді.

Пайдаланылатын ЭҚЖ Мемлекеттік органдардың ЭҚАБЖ-мен, электрондықүкімет порталымен және қазақстандық электрондыққұжаттар алмасу орталығының сервисімен ықпалдастырылады. Көрсетілген интеграциялар хат-хабар алмасуға кететін уақытты азайтуға мүмкіндік берді, бүкіл процесс электрондық-цифрлыққолтаңбаны қолдана отырып, «онлайн» режимінде өтеді, сондай-ақ пошта қызметтері мен қағаз өнімдерін сатып алуға жұмсалатын шығындарды қысқартуға мүмкіндік берді.

5.3. Ақпараттық қауіпсіздік және коммерциялық құпияны қорғау

Қордың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағдарламалық қамтамасыз етудің саясаттарымен, әдістерімен, рәсімдерімен, ұйымдық құрылымдарымен және функцияларымен ұсынылған қажетті процестер мен шаралар кешенін іске асыру арқылы қол жеткізіледі. Бұл іс-шаралар белгіленген, енгізілген, қажет болған жерде жетілдірілген және Қордың ақпараттық қауіпсіздік мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс.

Оның процестерін қолдайтын ақпарат, ақпараттық жүйелер және желілік инфрақұрылым Қордың елеулі активтері болып табылады. Ақпараттың құпиялылығы, тұтастығы мен қолжетімділігі Қордың қамтамасыз ету мүмкіндігіне, өтімділігіне, заңнамаға және іскерлік беделге сәйкестігіне елеулі түрде ықпал етуі мүмкін.

Қазіргі әлемде ұйымдар, олардың ақпараттық жүйелері мен желілері компьютерлік алаяқтық, тыңшылық, зияндылық сияқты әртүрлі қауіпсіздік қатерлеріне жиі ұшырайды. Компьютерлік вирустар, компьютерді бұзу және

техникалық қызмет көрсетуден бас тарту сияқты зиян көздері жиі кездеседі, агрессивті болады және күрделене түседі.

Қордың ақпараттық ресурстарының осалдығына сканерлеу жүйелі түрде жүргізіледі. Осалдықтарды сканерлеу құралдары АҚ-дағы маңызды құралдардың бірі болып табылады, өйткені осалдықтар күн сайын пайда болады.

Осалдықты сканерлеу құралдары қосымшадағы, операциялық жүйелердегі, жабдықтардағы және желілік жүйелердегі қауіпсіздік саңылауларын анықтауға көмектеседі.

Қордың желілік инфрақұрылымының ақпараттық қауіпсіздігінің жалпы деңгейін жақсарту мақсатында иерархиялық құрылымның пайдасына желіні құру архитектурасы өзгертілді.

Сондай-ақ, 2020 жылы Қор қызметкерлері арасында хабардарлықты арттыру мақсатында ақпараттық қауіпсіздік бойынша оқыту жүргізілді.

«Нөлдік күн» қатерінің алдын алу үшін күрделі және мақсатты шабуылдардан қорғау үшін файлдар мен қосымшаларды талдауды және эмуляциялауды қамтамасыз ететін бағдарламалық-аппараттық кешен сатып алынды.

2021 жылға барлық Қордың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру бойынша іс-шараларды қамтитын ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі кешенді жоспар әзірленді және бекітілді.

2020 жылдың негізгі іс-шараларының бірі ретінде «Saqtandyru» негізгі ақпараттық жүйесінің ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестікке сынақтардың бесінші түрін атап өтуге болады.

5.4. Мемлекеттік сатып алулар

2020 жылға арналған Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары (бұдан әрі—Мемлекеттік сатып алу жоспары) Қордың Басқарма Төрағасының 2019 жылғы 4 -желтоқсандағы №183 бұйрығымен 3,31 млрд теңге сомаға қосылған құн салығын (бұдан әрі—ҚҚС) есепке алмағанда бекітілген болатын. Соңғы түзетуді ескере отырып, Мемлекеттік сатып алу жоспарының сомасы ҚҚС-сыз 2,17 млрд теңгені құрады. Жоспар тармақтарының жалпы саны 263 лотты құрады.

2020 жылы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарттардың сомасы ҚҚС-сыз 1,74 млрд теңгені құрайды. Мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарттарға бөлінген сома ҚҚС-сыз 1,95 млрд теңге. Осылайша, 2020 жылы жасалған шарттар бойынша үнемдеу сомасы ҚҚС-сыз 212,65 млн теңгені құрады.

Мемлекеттік сатып алу тиісті бюджет (даму жоспары) негізінде бекітілген Мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес жүргізіледі. Бюджетті (даму жоспарын) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің келісімі бойынша Қордың Директорлар кеңесі бекітті.

Қор бюджетінің атқарылу мониторингін Қор бюджетінің атқарылуын жоспарлауға, бекітуге және мониторингілеуге жауапты құрылымдық бөлімше қаржылық есептілік орталығымен бірлесіп ай сайын өсу қорытындысымен жүзеге асырады.

6-БӨЛІМ. КАДРЛАР. ПЕРСОНАЛДЫ ҢНТАЛАНДЫРУ МЕН ДАМУДЫҢ КЕШЕНДІ ЖҮЙЕСІ

6.1. HR-менеджменттің тиімділігі

Қор еліміздегі жас, болашағы зор және әлеуметтік маңызы бар ұйымдардың бірі болып табылады. Бүгінгі таңда компаниядағы кадр қызметінің (бұдан әрі– HR) рөлі маңызды. Персоналды дұрыс таңдау және адами ресурстарды дамытуға капитал салу, қызметкерлердің еңбек жағдайларына қанағаттануы және басқа да кадрлық мәселелер бүгінгі таңда HR– менеджменттің негізгі функциясы болып табылады. Қордағы HR-менеджмент орталықтандырылған түрде жүргізіледі.

2020 жылғы 31-желтоқсандағы жағдай бойынша қор персоналының орташа тізімдік саны 845 адамды құрады, оның ішінде орталық аппарат бойынша–232 адам, қордың 17 филиалы бойынша–613 қызметкер. Қор қызметкерлерінің орташа жасы–40 жас.

Персоналдың жас құрылымы:

- 7,8% 18 жастан 28 жасқа дейін;
- 62,2 % 29 жастан 49 жасқа дейін;
- 30 % 50 және одан жоғары жастағы.

2020 жылы кадрлардың тұрақтамауы Қор қызметкерлерінің жалпы орташа тізімдік санының 12,4%-ын құрады.

Қызметкерлердің еңбек жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында тиісті ішкі нормативтік құжаттар бекітілді, олар мыналарды реттейді: еңбек тәртіптемесі, Басқарма мүшелері мен қызметкерлерге еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру, қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету, қордағы негізгі лауазымдарға іріктеу, келісу және тағайындау (сайлау), бос лауазымдарға конкурстық іріктеу жүргізу және персоналды бейімдеу, қызметкерлерге тәртіптік жаза қолдану, Қор қызметкерлерінің біліктілігі мен кәсіптік даярлығын арттыру.

Кадр саясаты 2018 жылғы 14-желтоқсанда Қор Басқармасымен бекітілді, саясат қордағы кадр саясатының мынадай негізгі бағыттарын регламенттейді: персоналды іріктеу және бейімдеу, персоналды оқыту және дамыту, персоналдың тиімділігін бағалау, персоналды ынталандыру және т.б.

Қордың Директорлар Кеңесінің 2017 жылғы 20 қарашадағы шешімімен (№8 хаттама) Іскерлік әдеп кодексі (бұдан әрі–Кодекс) қабылданды, осы Кодекс: Іскерлік әдеп қағидаттарын, іскерлік өзара қарым-қатынастың этикалық нормаларын, Іскерлік мінез-құлық қағидаларын, лауазымды адамдар мен қызметкерлердің сыртқы келбетін, корпоративтік мерекелерді және басқа да

мәселелерді регламенттейді.

6.2. Қызметкерлерді ынталандыру және әлеуетін арттыру

Қор тұрақты негізде корпоративтік мәдениетті дамыту және корпоративтік құндылықтарды қолдау бойынша іс-шаралар жүргізеді. Қор қызметкерлері жұмысқа қабылдау кезінде міндетті түрде іскерлік этика кодексін зерделейді, онда кәсіби қызмет пен корпоративтік мәдениеттің бағдарлары көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ұсынымдары бойынша Компания қызметкерлерін «Медицина қызметкерлері күніне» және «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне» байланысты Құрмет грамоталарымен және алғыс хаттарымен марапаттау үшін ұсыныстар енгізу жүзеге асырылады.

2020 жылы Қор қызметкерлерін оқыту қажеттілігіне талдау жүргізілді. Жүргізілген талдау қорытындысы бойынша «Қор қызметкерлері персоналының біліктілігін арттыру мен дамытудың 2020 жылға арналған жоспары» жасалды. Қор қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға арналған шығыстар Қорды дамытудың 2020 жылға арналған жоспарында көзделген. 2020 жылы персоналды оқыту мен дамытудағы корпоративтік қажеттілікті ескере отырып, Қордың 196 қызметкері біліктілігін арттырды және қайта даярлаудан өтті.

6.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

2020 жыл бойына Қормен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының талаптарына сәйкес жүйелі негізде Қор қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы, оның ішінде тұрмыстық деңгейде сыбайлас жемқорлық көріністеріне және Қорда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға қарсы мақсатты жұмыс жүргізілді.

Осылайша, Қор қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлыққұқық бұзушылықтар мен қылмысқа қарсы іс-қимылға бағытталған қолданыстағы заңдар мен нормативтік құқықтық актілерді, оның ішінде Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) актілерін түсіндіру бойынша жұмыстар жүргізілді.

Филиалдың әкімшілік ғимаратына кіреберісте қолжетімді жерде Қордың сенім телефондары мен байланыс-орталығы көрсетілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ақпарат бар стенд орналастырылған.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ және оның филиалдарының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу туралы» 2020 жылғы 5-қазандағы № 636 және 2020 жылғы 6-қазандағы №330 бірлескен бұйрығына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа

қарсы қызмет Қор қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама жасалды. Оны іске асыру мақсатында Қорда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлыққұқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

2020 жылы сыбайлас жемқорлыққұқық бұзушылық фактілері туралы жазбаша хабарламалар түскен жоқ, Қор қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық бұзушылықтарына жол берілген жоқ.

Алдын алу шаралары мақсатында тұрақты негізде Қор қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттеріне жол бермеу, сондай-ақ Қор қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары мен этикасын қатаң сақтау мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Қате жүргізілетін жұмыс процестерінің алдын алу мақсатында қорда жүйелі негізде ішкі оқыту тұжырымдамасы шеңберінде оқыту іс-шаралары жүргізіледі. Осылайша, қызметкерлерді ішкі оқыту жоспарына сәйкес 2020 жылы оқыту бағдарламалары іске асырылды:

- 1-тоқсанда келесі тақырыптар бойынша: «Денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алу ережесі, ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің есебін жүргізу», «Әзірленген алгоритмдерге сәйкес» АЕК негізгі индикаторлары бойынша мониторинг» тақырыбына оқыту семинары, АЕК жеткізушілерінің рейтингін жасау», «Шарттық міндеттемелер мониторингі» бейне-конференц байланыс арқылы;

- 2-тоқсанда келесі тақырыптар бойынша: «Әзірленген алгоритмдерге сәйкес ЖТМҚ бойынша мониторинг», «Медициналық көмек сапасының мониторингі: ЖТМҚ алгоритмі, АЕК мақсатты мониторинг алгоритмі, онкологиялық аурулардың алгоритмі», «Дағдарыс жағдайларында БАҚ-пен және жұртшылықпен жұмыс құру», «Әзірленген алгоритмдерге сәйкес патологоанатомиялыққызмет бойынша мониторинг жүргізу», «Қазақстан Республикасының азаматтарын бюджет қаражаты есебінен шетелге емделуге жіберу қағидалары»;

- 3-тоқсанда мынадай тақырыптар бойынша: «Әзірленген алгоритмдерге сәйкес психиатриялық (наркологиялық) көмек көрсету бойынша мониторинг жүргізу»,

«Әзірленген алгоритмдерге сәйкес туберкулезге қарсы көмек көрсету бойынша мониторинг жүргізу», «Қан қызметі бойынша мониторинг жүргізу» бейне-конференц байланыс арқылы;

- 4-тоқсанда «ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алу ережесі, Денсаулық сақтау

субъектілерінің есебін жүргізу», «COVID-19 Коронавирустық инфекциясы», «Қазақстан Республикасында педиатриялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты. Балалардағы ауруларды диагностикалау мен емдеудегі проблемалық мәселелер», «Бүйрек аурулары бар науқастардың өлім жағдайларын зерттеу: стандарттар мен практика» Битрикс платформасында оқыту.

Бұдан басқа, Қорды дамыту жоспарында қызметкерлерді дамытуға және олардың біліктілігін арттыруға бағытталған сыртқы оқыту көзделген. Сыртқы оқыту бағдарламалары аясында Қордың 196 қызметкері дайындықтан өтті.

Қор Басқармасының 2020 жылғы 20 ақпандағы шешімімен «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ басшы құрамының кадр резервін қалыптастыру және даярлау қағидалары» бекітілді, онда кадр резервін қалыптастыру мен даярлаудың негізгі қағидаттары: тәртібі, ұйымдастыру мәселелері, резервшілердің есебін жүргізу, даярлау және басқа да аспектілер көрініс тапты.

Қордың кадрлық резервін құрудың мақсаты мансаптық өсу үшін әлеуеті бар басшы лауазымдарды атқаруға кадрлық резервтің сапалы құрамын қалыптастыру, сондай-ақ оларды басқарушылық ұстанымды атқаруға дайындау болып табылады.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ кадрлық резерві» мансаптық даму мен сабақтастықты жоспарлау жобасын іске асыру шеңберінде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылды:

- Қордың кадр резервімен жұмыс жөніндегі 2020 жылға арналған іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту;

- резервшілерге құрмет көрсету, Қордың Басқарма Төрағасы мен резервшілердің онлайн кездесуі, «Баяу ойла...тез шеш» кітабын табыстау (поштамен жіберу), авторы Д. Канеманн экономика бойынша Нобель сыйлығының лауреаты (маусым 2020 ж.);

- «МӘМС туралы Заңды білу» тақырыбы бойынша ішкі оқыту жүзеге асырылды (шілде 2020 ж.);

- 2020 жылғы 10-28 шілде аралығында Hard-Skills – құзыреттер: «Инновациялық менеджмент» бойынша оқыту іс-шарасы іске асырылды (9 бөлімнен тұратын ауқымды курс, сертификаттау);

- 2020 жылғы 17-22 шілде аралығында «Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі» тақырыбы бойынша ішкі оқыту іс-шарасы іске асырылды;

- 2020 жылғы 5-10 тамыз аралығында «Дағдарыс жағдайларында БАҚ-пен және жұртшылықпен жұмыс» hard – Skills-құзыреттері бойынша ішкі оқыту іс-шарасы іске асырылды;

- 2020 жылғы 19 тамызда «Жеке санаттағы тұлғаларға МӘМС жүйесінде «Медициналық қызметтерді тұтынушы» уақытша мәртебесін беру қағидалары» тақырыбы бойынша ішкі оқыту іс-шарасы іске асырылды;

- 2020 жылғы 18-30 тамыз аралығында Soft-Skills – «Қарым-қатынас

психологиясы: ауызша қарым-қатынас; вербалды емес қарым-қатынас; қарым-қатынас кезіндегі шекаралар; күйзелістермен жұмыс істеу әдістері; көпшілік алдында сөйлеу ерекшеліктері» құзыреттіліктері (емтиханнан, сертификаттаудан кейінгі кең курс) бойынша оқытылды;

- Қордың кадр резервінде тұрған әрбір қызметкер бойынша жеке даму жоспарлары әзірленді және келісілді, материалдар кадр мәселелері жөніндегі комитеттің қарауына берілді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қор құрылған сәттен бастап медициналыққызметтерді тұтынушылар тарапынан стратегиялық сатып алушы болып табылатын ұйым ретінде әрекет етеді.

МӘМС жүйесін енгізу есебінен халықүшін медициналыққызметтер көлемі кеңейтілді, оның ішінде басым және бұрын толыққаржыландырылмаған бағыттар бойынша қаржыландыру ұлғайтылды, қаржылық жаңа бастамалар қамтамасыз етілді.

Медициналық көмектің сапасы мен көлемі мониторингінің механизмдері, нақты көрсетілмеген медициналыққызмет жағдайларын анықтау және өнім берушілерге тиісті экономикалық ықпал ету шараларын қабылдауды жетілдіреді.

Қор қызметін цифрландыру және автоматтандыру, оның ішінде медициналыққызметтерді сатып алу, медициналық көмек көлемін жоспарлау және медициналыққызметтерге тариф белгілеу сияқты негізгі бағыттар бойынша жұмыстар басталды.

Қалыптастырылған кері байланыс арналары халыққа МӘМС жүйесіне қатысу және қолжетімді медициналық көмек бойынша ақпаратты уақтылы алуға, сондай-ақ кепілді медициналыққызметтерді сапалы және уақтылы алуға өз құқықтарын қорғау мақсатында жүгінуге мүмкіндік береді.

2021 жылы медициналыққызметтердің басым бағыттарында халықтың қамтуын және қолжетімділігін арттыру бойынша жұмыс жалғасатын болады. Бірінші кезекте, бұл МСАК, скринингтік бағдарламалар, ауруларды басқару бағдарламалары, ауылдық денсаулық сақтау, қашықтықтан медицина, халықүшін амбулаториялық-емханалық көмектің қолжетімділігі басымдығына сәйкес мейірбике ісі мен патронаж қызметін дамыту.

Сондай-ақ, қосымша қаражат «Аңсаған сәби» бағдарламасын қоса алғанда, жоғары технологиялық медициналық көмекті қаржыландыруға, сондай-ақ «Қамқорлық» бағдарламасы шеңберінде ерекше қажеттіліктері бар балаларды медициналық оңалтуды қолдауға және тарифке тиісті коэффициентті қолдану арқылы академиялық медицинаны дамытуға бөлінетін болады.

Сонымен қатар, пандемия жағдайында, әсіресе созылмалы аурулары бар халық, жүкті әйелдер, балалар және халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтары үшін медициналық көмектің қолжетімділігі көп жағдайда денсаулық сақтау жүйесінде шамадан тыс жүктемені болдырмау үшін КВИ таралуының алдын алу және оған қарсы күрестің қажетті шараларын сақтауға және пациенттің бағытын жергілікті жерлерде дұрыс ұйымдастыруға байланысты болады. КВИ-ді жұқтыру қаупі жоғары және аурудың ауыр ағымы бар жаңа штаммдардың пайда болуымен денсаулық сақтау жүйесінің жаңа сын-тегеуріндерге тап болу ықтималдығы

жоғары болып қалуда және Қордан медициналық көрсетілетін қызметтерді қаржыландыру және қолжетімді уақтылы медициналық көмекті қамтамасыз ету бойынша жедел шаралар қабылдау талап етіледі.

ГЛОССАРИЙ

Осы жылдық есепте мынадай анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылды:

Қор– «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ;

КВИ – коронавирустық инфекция COVID-19;

МӘМС – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру;

ТМККК – тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі;

МСАК – медициналық-санитарлық алғашқы көмек;

АИТВ – Адамның иммун тапшылығы вирусы;

Млн – Миллион;

Млрд – Миллиард;

ЭКҰ – Экстракорпоральді ұрықтандыру;

1406 байланыс орталығы - Қордың меншікті бірыңғай 1406 байланыс орталығы;

АТЖ – ақпараттық түсіндіру жұмыстары;

БЖТ – Бірыңғай жиынтық төлем;

МРТ – магнитті-резонанстық томография;

КТ – компьютерлік томография;

ШОБ-шағын орта бизнес;

ЕТЖ - ең төменгі жалақы;

АЖ-ақпараттық жүйелер;

МҚСБЖ АЖ - «Медициналық қызметтер сапасын басқару жүйесі» АЖ;

МҰ – медициналық ұйымдар;

МКАБЖ – Медициналық көмекке ақы төлеудің бірыңғай жүйесі;

«Qoldau 24/7 - «Qoldau 24/7» қорының мобильді қосымшасы;

ҚҚС-қосылған құн салығы;

ЭЦҚ-электрондық-цифрлық қолтаңба;

ЖТМҚ-жоғары технологиялық медициналық көмек.